

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мұлік қоры» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

*2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,
тәуелсіз аудитордың есебімен бірге*

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың есебі

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	1-2
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп.....	5-6
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	7-55

Тәуелсіз аудитордың есебі

«Самрұқ-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның Акционері мен Басшылығына

Пікір

Біз «Самрұқ-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның және оның еншілес компаниясының (бұдан әрі - «Топ») қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХКЕС») сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттереміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктиң аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (БХЭСК Кодексі) сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негізде де ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Топ басшылығы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан маңызды бүрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептіліктиң дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адаптация емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бүрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымынды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымынды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бүрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайдырығының кепілдігі болып табылады. Бүрмаланулар адаптация әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаімyz:

- ▶ адаптация әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бүрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедурарапарды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негізде аудиттің ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бүрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адаптация әрекеттердің нәтижесінде елеулі бүрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адаптация әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айналған жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында адаптация, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедурарапарды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипаттын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілуі негізделілігін бағалаймыз;

- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану зандылығы туралы тұжырым жасаймыз және түсken аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтартықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылmasa, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түсken аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндегі ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз етептіндегі етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпараттына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және аудиттің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертүлер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Гульмира Турмагамбетова
Аудитор / Бас директоры
«Эрнест энд Янг» ЖШС

Аудитордың 1998 жылғы 21 ақпандағы
№ 0000374 біліктілік куәлігі

050060, Алматы, Қазақстан Республикасы
Әл-Фараби даңғылы, 77/7
2018 жылғы 28 ақпан



Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға арналған
мемлекеттік лицензия сериясы МФЮ - 2,
№ 0000003, Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігімен 2005 жылғы 15 шілдеде
берілді

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша**

<i>Мың теңгемен</i>	<i>Ескерт.</i>	<i>2017 жыл</i>	<i>2016 жыл</i>
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	5	1.352.420	1.379.107
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	6	3.658.920	3.879.247
Қауымдастырылған ұйымға инвестиция	12	47.154	43.641
Құрылыш компанияларына берілген аванстар	8	11.036.407	9.792.993
Материалдық емес активтер		39.893	28.511
Ұзақ мерзімді қаржы активтері	9	40.200.920	70.595.255
Несиелік мекемелердегі қаражат	10	41.450.537	30.800.000
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	13	16.833.635	8.443.693
		114.619.886	124.962.447
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар		3.861	3.409
Сатуға арналған жылжымайтын мүлік	7	48.135	355.952
Құрылыш компанияларына берілген аванстар	8	8.103	3.758.257
Сауда дебиторлық берешек	14	41.221	389.016
Берілген қарыздар	15	62.331.242	11.313.062
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		253.377	239.019
Ағымдағы қаржы активтері	16	5.367.032	4.492.019
Несиелік мекемелердегі қаражат	10	136.447	16.209.274
Әзге де ағымдағы активтер	11	96.656	112.536
Ақша қаражаты мен оның баламалары	17	26.372.513	39.704.262
		94.658.587	76.576.806
Активтер жиыны		209.278.473	201.539.253

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

<u>Мың тенге</u>	<u>Ескерт.</u>	<u>2017 жыл</u>	<u>2016 жыл</u>
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	18	19.990.162	19.990.162
Қосымша төлөнген капитал	18, 19	3.437.245	3.437.245
Сату үшін қолда бар құралдарды қайта бағалау резерві	18	(289.241)	(455.110)
Бөлінбекен пайда		16.857.119	13.633.382
Капитал жиыны		39.995.285	36.605.679
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Бас компаниядан алынған қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі	19	1.076.322	19.844.472
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	20	1.624.297	1.574.648
Келешек кезеңдер кірістері	23	168.371	19.563.866
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	28	572.132	197.353
		3.441.122	41.180.339
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Бас компаниядан алынған қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі	19	163.974.691	122.421.602
Кредиторлық берешек	21	351.385	275.924
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	22	1.515.990	1.055.709
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны		165.842.066	123.753.235
Міндеттемелер жиыны		169.283.188	164.933.574
Капитал мен міндеттемелер жиыны		209.278.473	201.539.253

Басқарма Төрағасы

А.Ш. Жетпісбай



Бас бухгалтер

Б.К. Сипульдина

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

<i>Мың теңгемен</i>	<i>Ескерт.</i>	<i>2017 жыл</i>	<i>2016 жыл</i>
Кірістер	24	13.684.077	12.861.613
Өзіндік құны	25	(8.198.958)	(12.777.428)
Мемлекеттік субсидия	23	4.653.544	4.326.492
Жалпы пайда		10.138.663	4.410.677
Жалпы және әкімшілік шығыстар	26	(1.658.452)	(1.445.762)
Қаржы активтерінің құнсыздану шығыстары	11, 15	(5.067.947)	(2.248.013)
Қаржы активтерінің құнсыздану резервтерін қалпына келтіру	11, 15	11.102	54
Операциялық кірістер		3.423.366	716.956
Қаржыландырудан болған кірістер	27	3.154.830	6.998.763
Қаржыландыру шығыстары	27	(1.548.873)	(1.869.510)
Қауымдастан үйимның кірістеріндегі/(залаударындағы) үлес	12	3.513	(2.793)
Басқа да кірістер		290.433	129.814
Басқа да шығыстар		(192)	(83.007)
Салық салынғанға дейінгі пайда		5.323.077	5.890.223
Пайда салығы бойынша шығыстар	28	(1.485.950)	(1.800.956)
Есепті жылғы пайда		3.837.127	4.089.267
Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс			
Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша таза кірістер/(шығыстар)	16	165.869	(266.843)
Салықтар шегерілген есепті жылғы өзге жиынтық кіріс/(шығыс)		165.869	(266.843)
Салықтар шегерілген есепті жылғы жиынтық кірістің жиыны		4.002.996	3.822.424

Баскарма Төрағасы

А.Ш. Жетпісбай



Бас бухгалтер

Б.К. Сипульдина

7-55 бет аралығында қоса берілген есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажыратылmas бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың тәңгемен	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Сату үшін қолда бар құралдарды қайта бағалау резерві (20-ескертпе)	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2015 жылдың 31 желтоқсанына					
Есепті кезеңдегі пайда	—	—	—	4.089.267	4.089.267
Басқа да жиынтық залал	—	—	(266.843)	—	(266.843)
Жиынтық кіріс жиыны	—	—	(266.843)	4.089.267	3.822.424
Дивидендтер (18-ескертпе)	—	—	—	(220.079)	(220.079)
2016 жылдың 31 желтоқсанына					
Есепті кезеңдегі пайда	—	—	—	3.837.127	3.837.127
Басқа да жиынтық кіріс	—	—	165.869	—	165.869
Жиынтық кіріс жиыны	—	—	165.869	3.837.127	4.002.996
Дивидендтер (18-ескертпе)	—	—	—	(613.390)	(613.390)
2017 жылдың 31 желтоқсанына					
	19.990.162	3.437.245	(289.241)	16.857.119	39.995.285

Басқарма Төрағасы

А.Ш. Жетпісбай

Бас бухгалтер

Б.К. Сипульдина



7-55 бет аралығында қоса берілген есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ақыратылmas болігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

<i>Мың теңгемен</i>	<i>Ескерт.</i>	<i>2017 жыл</i>	<i>2016 жыл</i>
Операциялық қызметтөн болған ақша ағындары			
Өнім мен тауарларды өткізу		934.929	4.710.519
Алынған пайыздар		4.648.081	6.709.278
Овернайттар бойынша түсім		1.079.793	999.994
Жалдаудан түскен түсімдер		6.642.679	6.156.991
Өзге де түсімдер		203.227	299.919
Тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілерге төлемдер		(733.905)	(774.434)
Берілген аванстар		(53.554)	(25.295)
Жалақы бойынша төлемдер		(851.639)	(733.090)
Алынған қарыздар бойынша сыйақыны төлеу		(2.198.266)	(2.053.142)
Корпоративтік табыс салығы		(413.720)	(450.240)
Бюджетке төленетін басқа да төлемдер		(479.500)	(794.203)
Ақша қаражатының басқа да ағымдағы активтер құрамына есептен шығару	11, 15	(5.067.902)	(1.634.309)
Өзге төлемдер		(562.312)	(215.325)
Операциялық қызметтөн болған таза ақша ағындары		3.147.911	12.196.663
Инвестициялық қызметтөн болатын ақша ағындары			
Жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алуға алдын ала төлем		(10.498.809)	(8.102.975)
Банктерде депозиттерді орналастыру		(16.650.537)	(33.887.953)
Банк салымдарын қайтару		22.000.000	26.422.007
Үшінші тараптарға берілген қарыздар		(16.026.238)	(37.783.626)
Негізгі құраплдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(64.086)	(25.872)
Үшінші тараптардан қарыздарды қайтару		3.065.910	375.248
Өзге төлемдер		(27.865)	(4.355)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(18.201.625)	(53.007.526)

7-55 бет аралығында қоса берілген есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық
есептіліктің ажыратылmas бөлігі болып табылады.

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(жалғасы)**

Мын тәңгемен	Ескерт.	2017 жыл	2016 жыл
Қаржылық қызметтөн түсken ақша ағындары			
Алынған қарыздар бойынша түсімдер	19	12.108.303	92.677.830
Алынған қарыздар бойынша негізгі борышты төлеу	19	(9.772.947)	(31.624.749)
Теленген дивидендтер	18	(613.390)	(220.079)
Қаржылық қызметтөн болған таза ақша ағындары		1.721.966	60.833.002
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		(13.331.749)	20.022.139
1 қантарға ақша қаражаты мен оның баламалары		39.704.262	19.682.123
31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары	17	26.372.513	39.704.262

* Топ ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті ұсыну әдісін өзгертті (4-ескертпе).

Басқарма Тәрағасы



А.Ш. Жетпісбай

Бас бухгалтер

Б.К. Сипульдина

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік коры» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания» немесе «Қофам») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы №265 қаулысымен құрылды.

Компанияның кеңсекайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел көшесі, 10.

Мемлекет меншігінде Компанияның 100% катысу үлесі бар «Самұрық-Қазына» үлттық әл-аукат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Бас компания») арқылы Компанияға бақылау жүргізді.

2010 жылы Компания «ФН Менеджмент» ЖШС, 2013 жылы «СК Девелопмент» ЖШС атты еншілес компанияны (бірлесіп – «Топ» деп аталады) негізін қалады. Еншілес және қауымдастырылған компаниялардың негізгі қызметі 2 ескертпеде ашылып көрсетілген.

2015 жылы Топ «ФН Менеджмент» ЖШС-тегі катысу үлесінің 51% сатты.

Мегажобаларды тубегейлі девелопмент, «жасыл» технологияларды колдана отырып құрылыска инвестициялау, сондай-ақ құрылыс саласына инновацияларды ендіру арқылы Қазақстан Республикасының құрылыс саласын және жылжымайтын мүлік нарығын дамытуға жәрдемдесу Топ миссиясы болып табылады.

Компанияның негізгі қызметіне мыналар жатады:

- Тұрғын үй және коммерциялық үй-жайлар құйінде жана активтерді құру.
- Құрылыс объектілерін қаржыландыру, аяқталған немесе салынып жатқан жылжымайтын мүлік объектілеріндегі тұрғын үй және тұрғын емес (коммерциялық) үй-жайларды сатып алу.
- Жылжымайтын мүліктің басқарылуын қамтамасыз ету.

Компанияның миссиясы мен көзқарасы даму стратегиясын ескере отырып және Бас компанияның көзқарасымен қатар қалыптасады. Миссия компанияның стратегиялық басымдықтарын және оның Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін көрсетеді.

Компанияның 2018-2027 жылдарға дамуының стратегиялық бағыттары:

Бизнесті дамыту мүмкіндіктерін жасау:

- Light industrial / логистика (оның ішінде өндірістік инкубаторлар, мамандандырылған кешендер) – тұтынушыға барынша қолайлы қолжеткізу үшін қала шегінде шағын және орта бизнесті орналастыруға арналған шағын сапалы индустріалдық үй-жайлар.
- Активтерді басқару – басқа бағыттардың шенберінде құрылған, сондай-ақ Компанияның басқаруына берілетін объектілерді басқару және пайдалану.

Халықтың мобильділігін колдау:

- Апарт-отельдер мен қалалық апартаменттер – эконом класс сегментінде кәсіпкөй оператордың басқаруымен қысқа мерзімге немесе ұзақ мерзімге тұру үшін қонақ үй қызметтері мен тұрғын пәтердің сипаттамаларын байланыстыра алатын пәтерлер кешені.
- Медициналық жылжымайтын мүлік – медициналық инфракұрылымның ғимараттары мен объектілері – халықты жоғары сапалы жағдайларда емдеуге әрі оңалтуға арналған емханалар, оңалту орталықтары.

Аумақтық дамыту:

- Көнфункционалды аймақтар – жолда демалу және күш жинау үшін автомобилистерге, туристік автобустардың жолаушыларына, жүк автомобилдерінің жүргізушилеріне кешенді қызмет көрсету үшін магистральды трассаларда коммерциялық жол бойы инфракұрылымының кешені.
- Мемлекеттік бағдарламаларға қатысу – Үкімет қауыларының және басқа да нормативтік актілердің шенберінде міндеттерді орындау.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік шоғырландырылған негізде Топтың 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін қызметінің қаржылық нәтижелерін және көрсетілген күнге оның қаржылық жағдайын білдіреді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

1. КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ (жалғасы)

Топтың қаржы нәтижелері құрылыш саласының ерекшелігіне байланысты болады, әрі оған ұзак өндірістік цикл тән, өйткені жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылышы, орташа, 1,5 жылдан 3 жылға дейін жүзеге асырылады. Бұл ретте құрылыш және құрылышқа инвестициялау кезеңінде жылжымайтын мүлік объектілерін өткізуден түсетін кірістердің тәммендеуі, құрылыш объектілеріне шығындардың капиталдануының / құрылыш ұйымдарына берілген аванстардың ұлғаюы байқалады. Тиісінше, жылжымайтын мүлік объектілері тапсырылғаннан кейін Топтың негізгі қызметінен түсетін кірістердің өсімі байқалады.

Осыдан басқа, Топтың қаржылық нәтижелеріне, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын қаржыландырудан берілген және алынған пайыздық кірістер мен шығыстарды және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің депозиттеріндегі уақытша бос ақша қаражатын орналастырудан болған пайыздар бойынша кірістерді қоса алғанда, ақша қаражатын басқарудан туындағы қаржы құралдарын мойындау және оларды кейіннен бағалау әсер етеді (31-ескертпте).

Жалпы, жылдар бойынша негізгі қызметтен түсетін кірістердің құбылуы құрылыш индустриясында жұмыс істейтін көптеген жергілікті және шетелдік компанияларға тән.

Топтың 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігін Топ басшылығы 2018 жылғы 28 ақпанды шығаруға бекіті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, егер өзгесі есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде аталмаса, бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленген. Шоғырландырылған қаржылық есептілік қазақстандық тәнгемен (бұдан әрі «тәнге») көрсетілген, ал барлық сомалар, өзгесі көрсетілген жағдайлардан басқа, бүтін мындықтарға дейін дөңгелектенген.

Шоғырландыру негізі

Шоғырландырылған қаржылық есептілік бас компанияның және оның еншілес компаниясының 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілігін қамтиды. Егер Топтың инвестицияларға катысадан түсетін ауыспалы кіріспен байланысты тәуекелдері болса немесе соларға ұшыраса немесе мұндай кірісті алуға құқығы болса, сондай-ақ инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерінің қомегімен кіріске ықпал етуге мүмкіндігі болса фана, бақылау жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Топ тек егер келесі талаптар орындалса фана, инвестициялар объектісін бақылайды:

- Топтың инвестиациялар нысанына қатысты өкілеттіктерінің болуы (яғни, инвестициялар нысанының маңызды қызметін ағымдағы басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар);
- Топтың инвестиациялау объектісіне қатысадан түсетін ауыспалы кіріспен байланысты тәуекелдерге ұшырағыштығының немесе мұндай кірісті алуға құқықтарының болуы;
- Топтың инвестиациялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерінің қомегімен кіріске ықпал ету мүмкіндігінің болуы.

Әдетте, дауыс беру құқықтарының көп болуы бақылаудың болуын білдіреді деп болжанады. Мұндай жорамалды растау үшін және Топтың инвестиациялар нысанына қатысты дауыс беру құқықтарының көпшілігінен азы немесе ұқсас құқықтары болған кезде Топ мұндай инвестиациялар нысанына қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен жағдайларды ескереді:

- инвестиациялар объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісім;
- басқа келісімдермен негізделген құқықтар;
- Дауыс беру құқығы және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтары.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Шоғырландыру негізі (жалғасы)

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш құрамдасы бірінің немесе бірнешеуінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес компанияға бақылауды алған кезде еншілес компанияның шоғырлануы басталады және Топ еншілес компанияға бақылаудан айырылғанда тоқталады. Сатып алынуы немесе есептен шығарылуы жыл ішінде болған еншілес компанияның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылады және Топ еншілес компанияға бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Пайда немесе залал және басқа да жиынтық кірістің әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясының меншік иелеріне және егер бұл бақыланбайтын қатысу үлестерінде теріс сальдоға әкеліп соқтырған жағдайда да, бақыланбайтын қатысу үлестеріне жатады. Қажет болғанда еншілес компаниялардың қаржылық есептілігі мұндай компаниялардың есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру ушін түзетіледі. Топшілік барлық активтер мен міндеттемелер, меншікті капитал, кірістер, шығыстар және Топ ішінде операцияларды жасау нәтижесінде туындастын ақша ағындары шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталады.

Бақылаудан айырылмастан еншілес компанияға қатысу үлестерінің өзгерісі капиталмен жасалған операция ретінде ескеріледі. Егер Топ еншілес компанияға бақылау жасау құқығынан айырылса, ол активтердің (оның ішінде гудвилдің), тиісті міндеттемелердің; бақыланбайтын қатысу үлестерінің және меншікті капиталдың басқа да құрамдастарының мойындалуын тоқтатады және пайданың немесе шығынның құрамында пайда болған пайданы немесе шығынды мойындаиды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

Еншілес және қауымдақсан үйымдар

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған келесі еншілес және қауымдақсан үйымдары болды:

Атауы	Орны тіркеу	Негізгі қызметі	Қатысу үлесі	
			2017 жыл	2016 жыл
«ФН Менеджмент» ЖШС	Қазақстан	Жылжымайтын мүлікті сату және жалға беру	49%	49%
«СК Девелопмент» ЖШС	Қазақстан	Девелопмент, жылжымайтын мүлік объектілерін қаржыландыру және кейіннен басқару/өткізу	100%	100%

3. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін әзірлеу Топ басшылығынан пікір білдіруін, есепте көрсетілетін түсім сомаларына, шығыстарға, активтер мен міндеттемелерге, сондай-ақ шартты міндеттемелер туралы ақпараттың ашылып көрсетілуіне ықпал ететін бағалау мәндері мен жорамалдарды айқындауды талап етеді. Осы болжаулар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік келешекте осындай болжаулар мен бағалау қолданылатын активтер мен міндеттемелердің тенгерімдік құнын елеулі түзетуді талап ету мүмкін.

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айынсыздықтың басқа да негізгі көздері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің тенгерімдік құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін.

Топтың жорамалдары мен бағалау мәндері ол шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау сәтіне колында болған бастапқы деректерге негізделген. Дегенмен ағымдағы міндеттемелер мен келешекке қатысты жорамалдар нарықтың өзгерістерге немесе Топ бақыламайтын жағдайларға орай өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер, олардың жасалуына қарай жорамалдарда көрсетіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Егер ақша ағындарын жасайтын активтің немесе бөлімшениң тенгерімдік құны мынадай шамалардың ең үлкені болып табылатын оның өтелетін құнсыздануын алды: Сатуға арналған шығынды шегергендеңі әділ құнның есебі ұксас активтерді сатудың міндегі күші бар коммерциялық мәмілелері бойынша қолда бар ақпаратқа немесе активтің шығарылуына байланысты шегілген қосымша шығындарды шегергенде қадағаланатын нарықтық бағаға негізделеді. Пайдаланудан болатын құндылықтың есебі дисконтталған ақша ағындарының үлгілеріне негізделген. Ақша ағындары бюджеттен келесі бес жылға алынады және оған Топтың жүргізуге әлі де болса міндettемелері жоқ қайта құрылымдау бойынша қызмет немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшениң құнсыздану мәніне тексерілетін активтің нәтижелерін жақсартатын келешектегі елеулі инвестициялар жатпайды. Өтелетін құн дисконтталған ақша ағындарының үлгілеріне пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ ақша қаржатының күтілетін ағындарына және экстраполяция мақсатында пайдаланылған өсу қарқындарына барынша сезімтал.

Қаржы активтерінің саудаға арналған деп немесе сату үшін қолда бар ретінде жіктелуі

Топ сауда жасауға арналған, туынды құралдардан өзге болатын қаржы активтерін оларды таяу арада сату ниетінің бар-жоғы туралы жорамалдың орынды болуына талдайды. Егер Топ солар үшін белсенді нарықтардың болмауының салдарынан мұндай активтермен сауда жасауға шамасы келмese және басшылықтың оларды таяу арада сатуға қатысты ниеті өзгеріп кетсе, Топ өте сирек жағдайларда мұндай қаржы активтерін қайта жіктеу туралы шешімді қабылдай алады.

Мұндай активтерді қарыздар мен дебиторлық берешек, сату үшін қолда бар құралдар немесе өтеуге дейін ұсталатын қаржы құралдары санатына қайта жіктеу активтің сипатына байланысты болады.

Құрылыс компанияларына берілген аванстар

Топ жылжымайтын мүлік обьектілерін сатып алу мақсатында құрылыс компанияларына аванстар береді. Құрылыс компанияларына берілген аванстар қаржы құралдары болып табылмайды және тиісінше, құрылыс компанияларына аударылған ақша қаржатының мөлшерінде ескеріледі.

Сыйақыны есептей отырып құрылыс компанияларын қаржыландыру

Сыйақыны есептей отырып құрылыс компанияларын қаржыландыру шарттарын мойындау сәтіне қаржыландыру құніне нарықтық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған келешек ақша ағындарының келтірілген құны ретінде есептелген әділ құны бойынша ескеріледі. 2017 жылғы шарттар бойынша орташа дисконттау мөлшерлемесі 15% (2016 жыл: 15%) құрады және дәл сондай қаржы құралдары бойынша нарықтық мөлшерлемені білдірді.

Сыйақыны есептей отырып құрылыс компанияларын қаржыландыру шарттары бастапқыда мойындалғаннан кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Операциялық жалдау бойынша шарттың міндettемелер – Топ жалға беруші ретінде

Топ инвестициялық жылжымайтын мүлік портфелінің шенберінде ескерілетін коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалдау шарттарын жасады. Шарттардың талаптарын талдау негізінде (мысалы, соларға сай жалдау мерзімі коммерциялық жылжымайтын мүлік обьектісін экономикалық пайдалану мерзімінде негізгі бөлігін білдірмейді және жалдау бойынша ең аз төлемдердің келтірілген құны коммерциялық жылжымайтын мүліктің бүкіл әділ құнына тең болады), Топ атаптап мүлікке меншік құқығымен байланысты барлық елеулі тәуекелдер мен пайданы сақтап қалатындығын және тиісінше, бұл шарттарға операциялық жалдау шарттары үшін айқындалған есепке алу тәртібін қолданатындығын белгіледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған жылжымайтын мүліктің жіктелуі

Топ жылжымайтын мүлік сатуға арналған жылжымайтын мүлік немесе инвестициялық жылжымайтын мүлік болып табылатындығын былайша айқынрайдай:

- Инвестициялық жылжымайтын мүлікке Топтың қызметінде пайдалану үшін қолданылмайтын, операциялық қызметте сатуға арналмаған, бірінші кезекте жалға беруден кіріс немесе капитал құнның өсімінен кіріс алу үшін ұсталатын пәтерлер, паркингтер және коммерциялық үй-жайлар кіреді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған жылжымайтын мүліктің жіктелуі (жалғасы)

Сатуға арналған жылжымайтын мүлікке операциялық қызметте сатуға арналған жылжымайтын мүлік кіреді. Негізінен, бұл Топ құрылыс аяқталғаннан кейін сатқысы келген пәтерлер, паркингтер және коммерциялық үй-жайлар.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған жылжымайтын мүліктің құны

Инвестициялық жылжымайтын мүлік өзіндік құны бойынша бухгалтерлік есепте жинақталған тозу мен құнсыздану бойынша жинақталған шығындарды шегеру арқылы көрсетіледі. Өділ құн соған ұқсас сипаттамалары мен орналасқан жері бар жылжымайтын мүлікпен жуырда жасалған мәмілелердің негізінде айқындалады. Инвестициялық жылжымайтын мүлік обьектілерінің әділ құны 6-ескертпеде ашылып көрсетілген.

Сатуға арналған жылжымайтын мүлік өзіндік құнының ең азы және таза өткізу құны (ТӨҚ) бойынша көрсетіледі. Сатуға арналған жылжымайтын мүлік үшін ӨТҚ есепті құнге қолданылатын нарықтық конъюнктура мен бағаларды ескере отырып бағаланады және Топ тиісті жуырдағы нарықтық операцияларды назарға ала отырып айқындейды.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ

Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер

Топ ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті ұсыну әдісін 2017 жылғы 1 қантар мен 2017 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде жанама әдістен тікелей әдіске өзгерітті, өйткені Топ тікелей әдіс қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін барынша орынды болып табылатын ақпаратты ұсынуға мүмкіндік береді. Топ ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті ұсыну әдісін ретроспективті негізде қолданды.

Сондай-ақ Топ берілген қарыздардан, орналастырылған депозиттерден және сату үшін ұсталатын бағалы қағаздардан пайыздар бойынша ақша түсімдерін операциялық қызметтің құрамында көрсету жайлы шешім шығарды, өйткені мұндай көрсету шарасы Топтың қызметін жақсылық көрсетеді (*1-ескертпе*).

2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептің салыстырмалы ақпаратқа әсері

Мың тенге	Көрсетілгендей	Қайта топтасулар	Көрсетілгендей
Операциялық қызметтен түсken таза ақша ағындары	5.483.030	6.713.633	12.196.663
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары	(46.293.893)	(6.713.633)	(53.007.526)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Топ 2017 жылғы 1 қантардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге катысты күшіне енетін қолданыстағы стандарттарға бірқатар жаңа стандарттар мен түзетулерді алғаш рет қолданды. Топ шығарылған, бірақ күшіне енбекен стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Ор түзетудің сипаттамасы мен әсері төменде сипатталған.

«Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» – «Ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастама» 7 ХКЕС-ке (IAS) түзетулер

Түзетулер үйімзін ақша ағындарымен негізделген өзгерістерді, сол сияқты солармен негізделмеген өзгерістерді (мысалға, валюта бағамдарының өзгеруінен болған пайда немесе зияндар) кося алғанда, қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердегі өзгерістер туралы ақпаратты ашып көрсетуін талап етеді. Компания ағымдағы кезең үшін, сол сияқты алдыңғы салыстырмалы кезең үшін ақпаратты 19-ескертпеде ұсынды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

«Пайдага салынатын салықтар» – «Өткізілмеген шығындарга қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін мойындау» 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

Түзетулер ұйым іске асырылмаған шығындармен байланысты мұндай есептен шығарылатын уақыт айырмасын қалпына келтіру кезінде соған қарсы есептен шығаруды жасай алғын салынатын пайда көздерін салық заңнамасының шектейтіндігін ескеруі тиіс екендігін түсіндіреді. Сонымен катар, түзетулер қай ұйымның келешек салық салынатын пайданы айқындауға тиіс екендігіне қатысты нұсқауларды қамтиды және салық салынатын пайда сомасынла олардың баланстық құнынан асатын кейбір активтердің өтелуін көздей алады. Топ түзетулерді ретроспективті қолданды. Дегенмен олардың қолданылуы Топтың қаржылық жағдайы мен кызметтінің нәтижелеріне әсерін тигізбеді, ейткені Топтың есептен шығарылатын уақыт айырмалары немесе бұл түзетулерді қолдан аясына қатысты активтері жок.

Сондай-ақ, Топтың таяу арада өзінің еншілес және қауымдасқан компаниялардағы үлесін сату бойынша жоспарлары жок.

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2014-2016 жылдар

Бұл жетілдірулерге мыналар кіреді:

«Басқа ұйымдарға қатысу туралы ашып көрсету» – талаптардың 12 ХҚЕС-тегі (IFRS) ақпараттың ашылып көрсетілуіне қолданылу аяларын түсіндіру 12 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

Түзетулер 12 ХҚЕС-те (IFRS) ақпаратты ашып көрсетуге қатысты талаптар, В10-В16 тармактарда сипатталғандарды коспағанда, ұйымның еншілес ұйымға, бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан ұйымға қатысу үлесіне (немесе бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан ұйымдағы үлестің бір бөлігіне) қатысты қолданылатындығын түсіндіреді, әрі ол сатуға арналған деп жіктеледі (немесе шығатын топтың құрамына қосылады). Бұл түзетулер Топқа қатысты қолданылмайды.

1 ХҚЕС (IFRS) «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» – ХҚЕС-ті алғаш рет қолданатын компаниялар үшін қысқа мерзімді босатуларды жүзеге асыруды жүзеге асыру

1 ХҚЕС (IFRS) Е3-Е7 тармактарымен көзделген қысқа мерзімді босатулар жойылды, ейткені олар өз функциясын аткарды. Бұл түзетулер 2018 жылғы 1 қантардан бастап күшіне енеді. Бұл түзетулер Топқа қатысты қолданылмайды.

28 ХҚЕС (IAS) «Қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» – жылжымайтын мүлік обьектілерін әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы бағалау шешімі әрбір инвестиция үшін бөлек қабылдануы тиіс екендігін түсіндіру

Түзетулер мыналарды түсіндіреді:

- Венчурлық инвестицияларда маманданатын ұйым немесе басқа да ұқсас ұйым қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы бағалау шешімін қабылдай алады. Мұндай шешім бастапқы мойындау кезінде әрбір инвестиция үшін бөлек қабылданады.
- Егер ұйымның өзі инвестициялық ұйым болып табылмаса, инвестициялық ұйым болып табылатын қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға қатысу үлесі болса, онда үлестік қатысу әдісін қолданған кезде мұндай ұйым инвестициялық ұйым болып табылатын қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын өздерінің еншілес ұйымдарындағы қатысу үлестеріне қолданған әділ құны бойынша бағалауды сақтап қалу шешімін қабылдай алады. Мұндай шешім инвестициялық ұйым болып табылатын әрбір қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын үшін келесі күндердің барынша кеш күніне бөлек қабылданады: (а) инвестициялық ұйымдар болып табылатын қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның бастапқы мойындалу күніне; (б) қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын инвестициялық ұйымға айналатын күнге; және (в) инвестициялық ұйымдар болып табылатын қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын алғаш рет бас ұйымға айналатын күнге.

Бұл түзетулер ретроспективті түрде қолданылады және 2018 жылғы 1 қантардан бастап күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Егер ұйым бұл түзетулерді бұдан да ерте кезеңге қатысты қолданса, ол бұл фактіні ашып көрсетуі тиіс. Бұл түзетулер Топқа қатысты қолданылмайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

XKEC-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2014-2016 жылдар (жалғасы)

4 XKEC-ке (IFRS) түзетулер – 9 XKEC-ми (IFRS) «Каржы құралдары» 4 XKEC-пен (IFRS) «Сақтандыру шарттары» бірге қолдану

Бұл түзетулер қаржы құралдары бойынша жаңа стандарттың қолданылуына орай туындастын проблемаларды шешеді, 9 XKEC (IFRS), 17 XKEC (IFRS) «Сақтандыру шарттары» ендірлігенте дейін, олар 4 XKEC-ти (IFRS) ауыстырады. Түзету сақтандыру шарттарын шығаратын ұйымдар үшін екі мүмкіндікті көздейді: 9 XKEC-ти (IFRS) қолданудан уақытша босату және салу әдісі. Уақытша босатуды алғаш рет 2018 жылғы 1 қантардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты қолданады. Ұйым 9 XKEC-ти (IFRS) алғаш рет қолданғанда есептеу әдісін қолдану туралы шешімді қабылдай және бұл әдісті ұйымның қаруауына қарай 9 XKEC-ке (IFRS) көшу кезінде жіктелетін қаржы активтеріне қатысты ретроспективті түрде қолдана алады. Бұл ретте ұйым есептеу әдісін көрсету үшін салыстырмалы ақпаратты қайта есептейді, және тек егер ол салыстырмалы ақпаратты 9 XKEC-ти (IFRS) қолдану кезінде ғана қайта есептеген жағдайда ғана. Бұл түзетулер Топқа қатысты қолданылмайды.

«Шетел валютасындағы операциялар және алдын ала төлем» 22 КРМФО (IFRIC) түсіндіру

Түсіндіруде алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну нәтижесінде туындастын монетарлық емес активтің немесе монетарлық емес міндеттеменің мойындалуы тоқтаған кезде тиісті активтің, шығыстың немесе кірістің (немесе оның бір бөлігінің) бастапқы мойындалуы кезінде пайдаланылуы тиіс айырбас бағамын айқындау мақсатындағы операцияның жасалу күні ұйым алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну нәтижесінде туындастын монетарлық емес активті немесе монетарлық емес міндеттемені алғаш рет мойындаған күні болып табылады. Алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну операциялары жасалған жағдайда ұйым әрбір төлем немесе алдын ала төлемді алу үшін операция күнін айқындауы тиіс. Ұйымдар бұл түсіндіруді ретроспективті түрде қолдана алады. Балама ретінде ұйым түсіндіруді көрсетілген күнге немесе содан кейін бастапқыда мойындалған түсіндіруді қолдана аясының шенберінде барлық активтерге, шығыстар мен кірістерге қатысты перспективті түрде қолданыла алады:

- (i) ұйым бұл түсіндіруді алғаш рет қолданатын есепті кезеңнің басталуы; немесе
- (ii) ұйым алғаш рет бұл түсіндіруді қолданатын есепті кезеңнің қаржылық есептілігінде салыстырмалы ақпарат ретінде көрсетілген алдыңғы есепті кезеңнің басы.

Түсіндіру 2018 жылғы 1 қантардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл фактінің ашылып көрсетілуі талабымен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Дегенмен Топтың ағымдағы қызметі түзетулердің талаптарына сәйкес келгендіктен, Топ ол оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етеді деп күтпейді.

«Пайдага салынатын салықты есептеу қажидаларына қатысты белгісіздік» 23 КРМФО (IFRIC) түсіндіру

Түсіндіру салықтың баяндауларға қатысты белгісіздік болғанда пайдага салынатын салықты есепке алу тәртібін қарастырады, бұл 12 XKEC-тің (IAS) қолданылуына әсер етеді. Түсіндіру 12 XKEC-тің (IAS) қолданылу аясына жатпайтын салықтар мен алымдарға қолданылмайды, сондай-ақ айқындалмаған салықтың баяндаулармен байланысты пайыздар мен айыппулдарға қатысты ерекше талаптарды қамтыймайды. Атап айтқанда, түсіндіру келесі мәселелерді қарастырмайды:

- ұйым айқындалмаған салықтың баяндауларды бөлек қарастыра ма;
- ұйым салық органдарының салықтың баяндауларды тексеруге қатысты жасайтын жорамалдар;
- ұйым салық салынатын пайданы (салық залалын), салық базасын, пайдаланылмаған салық залалдарын, пайдаланылмаған салық женілдіктері мен салық мөлшерлемелерін қалайша айқындейды;
- ұйым фактілер мен жағдайлардың өзгеруін қалайша қарастырады.

Ұйым әрбір айқындалмаған салықтың баяндауды бөлек немесе бір немесе бірнеше басқа айқындалмаған салықтың баяндаулармен бірге қарастыру қажеттілігін шешуі тиіс. Белгісіздікі анықтау нәтижесін барынша дәл болжуаға мүмкіндік беретін тәсілді пайдалану қажет. Түсіндіру 2019 жылғы 1 қантардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Ауысу кезінде белгілі бір босатуларға жол беріледі. Топ түсіндірудің күшіне ену күнінен бастап қолданады. Топ оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етеді деп күтпейді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттары мен түсіндірмелері келтіріледі. Топ осы стандарттарды олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр:

9 XKEC (IFRS) «Қаржы құралдары»

2014 жылғы шілдеде XKEC жөніндегі кеңес 9 XKEC-тің (IFRS) «Қаржы құралдары» түпкі редакциясын шығарды, ол 39 XKEC-ті (IAS) «Қаржы құралдары: тану және бағалау» және 9 XKEC-тің (IFRS) барлық алдыңғы редакцияларын ауыстырады. 9 XKEC (IFRS) қаржы құралдарын есепке алу жобасының үш бөлігінің басын біріктіреді: жіктеу мен бағалау, құнсыздану және хеджирлеуді есепке алу. 9 XKEC (IFRS) 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Хеджирлеудің есепке алынуын қоспағанда, стандарт ретроспективті түрде қолданылады, бірақ салыстырмалы ақпараттың ұсынылуы міндетті болып табылмайды. Хеджирлеудің есепке алынуына қатысты талап, ең алдымен, бірқатар шектелген ерекшеліктермен перспективті түрде қолданылады.

Топ талап етілген күшіне енгізу күнінен бастап жаңа стандартты қолдануды бастауды жоспарлап отыр. 2017 жылы Топ 9 XKEC (IFRS) әсерінің жалпы бағалауын, атап айтқанда қаржы құралдарының жіктелуін және бағалауын жасады, дегенмен қазіргі уақытта Топ өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне құнсызданудың әсерін айқындау процесінде.

Алдын ала бағалау амалы қазіргі уақытта қолжетімді ақпаратқа негізделеді және қосымша негізделген әрі барынша толық талдаудың немесе расталатын ақпараттың алынуы салдарынан өзгертулугү мүмкін, әрі ол Топ 9 XKEC-ті (IFRS) қолдана бастағанда, Топ үшін 2018 жылы қолжетімді болады.

Жалпы, Топ жаңа талаптардың өзінің қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебіне және 9 XKEC-тің (IFRS) құнсыздануына қойылатын талаптардың қолданылуын қоспағанда, меншікті капиталға айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді. Топ шығындарға бағалау резервінің көп сомасының ұлғаюын күтіп отыр, бұл төменде сипатталғандай меншікті капиталға теріс әсерін тигізеді және келешекте ұлғайту сомасын анықтау үшін толық талдау жасайды.

(a) Жіктеу және бағалау

Топ 9 XKEC-тің (IFRS) жіктелуі мен бағалауына қойылатын талаптарды қолданған кезде өзінің бухгалтерлік балансы мен меншікті капиталға айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді. Топ қазіргі уақытта әділ құны бойынша бағаланатын барлық қаржы активтерін әділ құны бойынша бағалауын жалғастыруды жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта сату үшін колда бар деп ұсталатын бағасы белгіленетін борыштық бағалы қағаздар, әрі солардың әділ құнының өзгеруінен болған пайда мен зияндар қазіргі уақытта басқа да жиынтық кірістің құрамында көрсетіліп, осының орнына пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланады, бұл көрсетіліптен пайданың немесе зиянның қолатильділігін ұлғайтады.

Сату үшін колда бар 289.241 мың теңге мөлшеріндегі құралдарды қайта бағалау резерві, әрі ол бұл құралдарға қазіргі уақытта жинақталған басқа да жиынтық кіріс ретінде ұсынылған мөлшерде жатады. 9 XKEC (IFRS) сай мұндаидар әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы бағаланады деп күтіледі. Тиісінше 9 XKEC (IFRS) Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

Топ биржада бағасы белгіленбейтін үlestік бағалы қағаздарды таяу арада ұстап қалуды жоспарлап отыр. Бұл инвестицияларға қатысты алдыңғы кезеңдерде пайда немесе зиян құрамындағы құнсыздану залалдары мойындалмады. Топ мұндаидар әділ құнының өзгерістерін басқа да жиынтық кірістің құрамында білдіру мүмкіндігін пайдаланып қалуға ниеттеніп отыр, және осылайша, 9 XKEC-тің (IFRS) қолданылуы оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

Қарыздар, сондай-ақ сауда дебиторлық берешек шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталады және олар негізгі борыш сомасы мен пайыздардың есебіне төлем болып табылатын ақша ағындарының пайда болуына әкеп соктырады деп күтіледі.

Топ осы құралдар бойынша шартта көзделген ақша ағындарының сиипаттамаларын саралап, олар 9 XKEC-ке (IFRS) сай амортизацияланған құны бойынша бағалау критерийлеріне жауап беретіндігі жайында тұжырымға келді. Тиісінше, бұл құралдарды қайта жіктеу қажет емес.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

9 XKEC (IFRS) «Каржы құралдары» (жалғасы)

(б) Күнсызданду

9 XKEC (IFRS) Топ барлық борыштық бағалы қағаздар, қарыздар мен сауда дебиторлық берешек бойынша 12 айлық күтілетін несие шығындарын немесе бүкіл мерзімі үшін күтілетін несие шығындарын көрсетуін талап етеді. Топ женілдетілген тәсілді қолданады және бүкіл мерзім үшін күтілетін несие шығындарын сауда дебиторлық берешек, берілген қарыздар мен басқа да қаржы активтері бойынша көрсетеді. Топ бұл талаптар қарыздар мен дебиторлық берешектің қамтамасыз етілмеуіне орай оның меншікті капиталына айтарлықтай әсер етеді деп күтуде, бірақ ол әсердің мөлшерін анықтау үшін, болжамдық акпаратты қоса алғанда, барлық негізделген және расталатын акпаратты ескеретін барынша толық талдауды жасауы тиіс.

15 XKEC (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім»

15 XKEC (IFRS) 2014 жылғы мамырда шығарылды, ал 2016 жылғы сәуірде түзетулер енгізілді. Стандарт сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімдерге қатысты қолданылатын бес кезең кіретін модельді көздейді. 15 XKEC-ке (IFRS) сай түсімінен соған арналған құқыкты ұйым сатып алушыға тауарлардың берілуіне немесе қызметтердің көрсетілуіне айырбас ретінде аламын деп отырған өтемақыны көрсететін сома бойынша танылады.

Түсім бойынша жаңа стандарт XKEC-тің түсімді тануға койылатын барлық қолданыстағы талаптарын ауыстырады. Толық ретроспективті қолданылу немесе 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін түрлендірілген ретроспективті түрде қолдану талап етіледі; бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. 2017 жылды Топ 15 XKEC-тің (IFRS) қолданылу салдарына егжеттегейлі талдау жасап, түрлендірілген ретроспективті қолдануды таңдады.

Топ қызметі жылжымайтын мүлікті сатумен және баскарумен байланысты.

(а) Жылжымайтын мүлікті сату

Солар бойынша жылжымайтын мүліктің сатылуы орындалуға жататын жалғыз міндеп болып табылатын сатып алушылармен жасалатын шарттарға 15 XKEC-тің (IFRS) қолданылуы Топтың түсіміне, пайдасына немесе залалына әсер етпейді деп күтілуде. Топ түсімнің мойындалуы активке бакылау сатып алушыға берілген уақыт сәтінін жасалады деп күтіп отыр, әрі бұл, әдетте, қабылдау-өткізу актісіне қол қойылу кезінде орын алады.

15 XKEC-тің (IFRS) қолданылуына даярлық кезінде Топ келесілерді назарға алады:

(i) Ауыспалы өтегу

15 XKEC (IFRS) түсімнің артық сомасының мойындалуын болдырmas үшін есепті ауыспалы өтемақының шектелуін талап етеді. Сатып алушылармен жасалған шарттар сатып алушыларға қайтаруға, сауда немесе көтерме женілдіктерге құқық бермейді. Бұл жаңарту түсімнің мойындалуына әсер етпейді.

• Қайтару құқығы

Қазіргі уақытта Топ шарттарда жылжымайтын мүлікті белгіленген мерзімнің ішінде қайтару құқығын көзdemейді.

• Көтерме женілдіктер

Топ өзінің сатып алушыларына жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату шарттарына сай сатып алынған жылжымайтын мүлікке ретроспективті көтерме женілдіктері бермейді. 15 XKEC-ке (IFRS) сай ретроспективті көтерме женілдіктер өтемақы ауыспалы болып есептелетіндігіне әкеп соқтырады.

(ii) Кепілдікті міндептемелер

Топ жылжымайтын мүлік объектілеріне қызмет көрсетуге кепілдіктер бермейді және сатып алушылармен жасалған шарттарда кеңейтілген кепілдіктерді бермейді. Осылайша, қолданыстағы кепілдіктердің көпшілігі 15 XKEC-ке (IFRS) сай «Сәйкестік-кепілдігі» типті кепілдіктер болып табылады, әрі олар 37 XKEC-ке (IAS) сай Компанияның ағымдағы практикасына сәйкес «Бағалау міндептемелері, шартты міндептемелер мен шартты активтер» есепке алынуын жалғастырады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбекен стандарттар (жалғасы)

15 ХКЕС (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» (жалғасы)

(б) *Кызметтерді көрсету*

Топ жылжымайтын мүлікті сату жөніндегі жасалған шарттың шеңберінде жылжымайтын мүлік объектілері бойынша қызметтерді көрсетпейді. Топтың шарттарға сай міндеттемесі – жылжымайтын мүлік объектісін сатып алушыға беру.

(в) *Сатып алушылардан алынған құрал-жабдық*

Топ сатып алушылардан әділ құны бойынша 18 КРМФО (IFRS) «Сатып алушылардың активтерді беруі» түсіндірмесіне сай негізгі құралдар ретінде танылатын қандай да бір тауарлар мен жабдықты алмайды. 15 ХКЕС (IFRS) сатып алушыдан алынған немесе алынуы болатын мұндай ақшалай емес өтемақының әділ құны мәміленің бағасына қосылатындығын талап етеді.

(г) *Сатып алушылардан алынған аванстық төлемдер*

Топ сатып алушылардан тек қысқа мерзімді аванстық төлемдерді ғана алады. Олар басқа да ағымдағы міндеттемелердің қурамында көрсетіледі.

Топ сатып алушыға уәде етілген тауарлардың берілуі мен сатып алушының мұндай тауарлардың акысын төлеу сәті арасындағы уақыт аралығы біршама қысқа болатындығын айқындалады. Осылайша, Топ бұл шарттар қаржыландаудың едәуір құрамдасын қамтымайды деген тұжырымға келді.

(д) *Принципалдың немесе агенттің рөлі*

15 ХКЕС-ке (IFRS) сай Топ олар сатып алушыға берілгенге дейін аталған тауарды немесе қызметті бақылайтындығын бағалауы тиіс.

Топ тауарлар сатып алушыға берілгенге дейін оларды бақылайтындығын айқындалады, тиісінше, ол мұндай шарттар бойынша агент емес, принципал болып табылады. Сонымен бірге, Топ ол жылжымайтын мүлікке бақылауды белгілі бір уақыт сәтіне береді деген тұжырымға келді.

(е) *Ақпараттың ашилып көрсетілуіне қойылатын талаптар*

15 ХКЕС-те (IFRS) қолданыстағы ХКЕС-ке қарағанда ақпараттың ұсынылуы мен ашилып көрсетілуіне барынша толық талаптар қамтылған. Ұсынуға қойылатын талаптар қолданыстағы практикаға айтарлықтай өзгеністер енгізеді және Топтың қаржылық есептілігінде ашилып көрсетуге талап етілетін ақпараттың көлемін айтарлықтай ұлғайтады. 15 ХКЕС-те (IFRS) ақпараттың ашилып көрсетілуіне қойылған көптеген талаптар тіптен жаңа болып табылады және Топтың бағалауынша ақпараттың ашилып көрсетілуіне қойылған осы талаптардың кейбіреулері айтарлықтай ықпал етеді.

Атап айтқанда, Топ шарттар бойынша мәміле бағасын айқындау кезінде қолданылған елеулі пайымдауларды ашилып көрсетумен байланысты шоғырландырылған қаржылық есептіліктердің көлемі ұлғаймайды деп күтіп отыр.

Сонымен бірге, солар бойынша Топ қаржыландау компонентін, сондай-ақ ауыспалы өтеву мен кепілдіктерді қамтымайтын агент ретінде емес, принципал ретінде болатын шарттарды бағалау кезінде пайдаланылған пайымдаулардың нәтижесінде ақпараттың шағын ғана көлемі ашилып көрсетіледі деп күтіліп отыр.

Сондай-ақ 15 ХКЕС-тің (IFRS) талаптарына сай Топ экономикалық факторлар сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша танылған түсім туралы ақпаратты түсімнің және ақша ағындарының пайда болу сипатына, көлемін, мерзімі мен белгісіздігіне қалайша ықпал ететіндігін көрсететін санаттар бойынша толық көрсетуі тиіс.

Сонымен бірге, ол егжей-тегжейлі түсім туралы ақпарат пен әрбір есепті сегмент бойынша ашилып көрсетілетін түсім туралы ақпараттың ара катынасы туралы ақпаратты ашилып көрсетуі тиіс. 2017 жылдың ішінде Топ бір сегментте жұмыс істеді.

2017 жылы Топ талап етілетін ақпаратты жинауға және ашилып көрсетуге қажетті тиісті жүйелерді, ішкі бақылау процедураларын, саясаттар мен процестерді тестілеуді жалғастырды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбекен стандарттар (жалғасы)

15 XKEC (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» (жалғасы)

(жс) Басқа да түзетулер

15 XKEC бойынша жасалған талдауға орай 15 XKEC-ті (IFRS) алғаш рет қолдану кезінде Топ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің басқа баптарын түзетпейді, мысалға, кейінге қалдырылған салықтар, сатуға арналған активтер және соларға байланысты міндettемелер, тоқтатылған қызметтөн басталған жыл үшін салық салынғаннан кейінгі пайда немесе залал, қауымдасткан ұйым мен бірлескен кәсіпорынға инвестициялар, сондай-ақ қауымдасткан ұйым мен бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы үлес.

15 XKEC-тің (IFRS) мойындауға және бағалауға қойылатын талаптары қаржылық емес активтердің (мысалға, негізгі құралдар мен материалдық емес активтер нысандары) есептен шығарылуынан болған пайданы және зияндарды мойындауға әрі бағалауға қатысты ды қолданылады, мұндай есептен шығару әдеттегі қызметтің нәтижесі болып табылмайды. Стандартқа өту кезінде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне мұндай өзгерістердің әсері болмайды деп қүтіліп отыр.

10 XKEC (IFRS) пен 28 XKEC-ке (IAS) түзетулер «Инвестор мен оның қауымдасткан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе активтерді салу»

Түзетулер 10 XKEC (IFRS) пен 28 XKEC (IAS) арасындағы, атап айтқанда, қауымдасткан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға сатылатын немесе соларға салынатын еншілес ұйымның үстінен бақылау жасау амалынан айрылууды есепке алу арасындағы қайшылықты қарастырады. Түзетулер инвестор мен оның қауымдасткан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасында жасалған мәміледе 3 XKEC-тегі (IFRS) анықтамаға сай өз бизнесін білдіретін активті сатудың немесе салудың нәтижесінде туындастын пайда немесе шығын толық көлемде танылады. Дегенмен бизнесті білдірмейтін активті сатудың немесе салудың нәтижесінде туындастын пайда немесе шығын қауымдасткан ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы инвесторлар ұйымынан өзге катысу үлестерінің шегіндеған танылады. XKEC жөніндегі кеңес бұл түзетулердің күшіне енгізілу күнін белгісіз мерзімге ауыстыруды, дегенмен бұл түзетулерді мерзімінен бұрын қолданатын ұйым оларды перспективті түрде қолдануы тиіс. Топ бұл түзетулерді, олар күшіне енгеннен кейін қолданады.

2 XKEC-ке (IAS) «Акциялардың негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу және бағалау» түзетулер XKEC жөніндегі кеңес 2 XKEC-ке (IFRS) «Акциялардың негізіндегі төлемдер» түзетулерді шығарды, әрі оларда үш негізгі аспект қарастырылады: акша қаражатының есептеулерімен акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды бағалау құқықтарының өту талаптарының ықпалы; төлем қозінен ұсталатын салық бойынша міндettемелер үшін нетто-негізіндегі есеп айрысулар талабымен акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу; акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операциялар талаптарының өзгеруін есепке алу, соның нәтижесінде операция акша қаражатымен болған есеп айрысулармен операция ретінде жіктелуі тоқтатылады және үлестік құралдармен болған есеп айрысулармен операция ретінде жіктелуін бастайды.

Түзетулерді қабылдаған кезде ұйымдар алдынғы кезеңдердің ақпаратын қайта есептеуге міндettі емес, дегенмен барлық үш аспекттің қатысты түзетулерді қолдану және басқа да критерийлерді сактау талабымен ретроспективті түрде қолдануға жол беріледі.

Түзетулер 2018 жылғы 1 қантардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Қазіргі уақытта Топ бұл түзетулердің шоғырландырылған қаржылық есептілікке ықтимал әсерін бағалауда.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбекен стандарттар (жалғасы)

16 XKEC (IFRS) «Жалдау»

16 XKEC (IFRS) 2016 жылғы қантарда шығарылды және 17 XKEC-ті (IAS) «Жалдау» аудиоадреси, 4 КРМФО (IFRIC) «Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау» түсіндірмесі, 15 ПКР (SIC) «Операциялық жалдау – стимулдар» түсіндірмесі және 27 ПКР (SIC) «Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау» түсіндірмесі. 16 XKEC (IFRS) жалдау туралы акпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың қаржылық жалдау үшін 17 XKEC-те (IAS) көзделген есепке алу тәртібі сиякты баланста есепке алудың бірыңғай моделін пайдалана отырып барлық жалдау шарттарын көрсетуін талап етеді. Стандарт жалға алушылар үшін мойындаудан екі рет босатуды көздейді – төмен күні бар активтерді жалдауға (мысалға, жеке компьютерлер) және қысқа мерзімді жалдауға (яғни, 12 айдан артық емес мерзімі бар жалдау) қатысты. Жалдаудың басталу күніне жалға алушы жалдау төлемдеріне қатысты міндеттемені (яғни жалдау міндеттемесі), сондай-ақ жалдау мерзімінің ішінде базалық активті пайдалану құқығын беретін активті (яғни пайдалану құқығы нысанындағы актив) мойындайтын болады. Жалға алушылар жалдау міндеттемесі бойынша пайыздық шығысты пайдалану құқығы нысанындағы активтің амортизациясы бойынша шығыстардан бөлек мойындауға міндетті болады.

Сондай-ақ жалға алушылар белгілі бір оғиға орын алған кезде жалдау міндеттемесін қайта бағалауы тиіс (мысалға, жалдау мерзімдерінің өзгеруі, мұндай төлемдерді айқындау кезінде пайдаланылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруі нәтижесінде келешек жалдау төлемдерінің өзгеруі). Көптеген жағдайларда жалға алушы пайдалану құқығы нысанындағы активті түзету ретінде жалдау міндеттемесін қайта бағалау сомасын ескереді.

16 XKEC-ке (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі казіргі уақытта қолданылатын 17 XKEC (IAS) талаптарымен салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер 17 XKEC (IAS) сиякты дәл сондай жіктеу қағидаттарын пайдалана отырып жалдауды жіктеуді жалғастыратын болады, бұл ретте екі жалдау түрін бөліп көрсетеді: операциялық және қаржылық.

Сонымен қатар, 16 XKEC (IFRS) жалға берушілер мен жалға алушылардан 17 XKEC-пен (IAS) салыстырғанда акпараттың үлкен көлемін ашып көрсетуді талап етеді.

16 XKEC (IFRS) 2019 жылғы 1 қантардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын, бірақ ұйымның 15 XKEC-ті (IFRS) қолдану күнінен ерте емес мерзімде қолдануға жол беріледі. Жалға алушы бұл стандартты ретроспективті тәсілді не болмаса түрлендірілген ретроспективті тәсілді қолдана отырып пайдалануға құқылы. Стандарттың өтпелі ережелері белгілі бір босатуларды көздейді. 2018 жылы Топ 16 XKEC-тің (IFRS) өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықтимал ықпалын бағалауды жалғастырады.

17 XKEC (IFRS) «Сақтандыру шарттары»

17 XKEC (IFRS) осы сактандыру шарттарын шығаратын ұйымның түріне қарамастан сактандыру шарттардың барлық түрлеріне (яғни өмірді сактандыру және өмірді сактандырудан ерекшеленетін сактандыру, тікелей сактандыру және қайта сактандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу талаптарымен белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады. Қолданылу аясынан бірнеше ерекшелік бар. 17 XKEC (IFRS) негізгі мақсаты сактандыру шарттарын есепке алу моделін ұсыну болып табылады, әрі ол сактандырушылар үшін барынша тиімді әрі бірізді болып табылады. Алдыңғы жергілікті есепке алу саясаттарына негізделетін 4 XKEC (IFRS) талаптарымен салыстырғанда, 17 XKEC (IFRS) сактандыру шарттарын есепке алудың жан-жақты моделін ұсынып, есепке алудың барлық ақылға конымды аспектілерін қамтиды. 17 XKEC-тің (IFRS) негізінде келесімен толықтырылған ортақ модель жатыр:

- Инвестициялық кіріске тікелей қатысатын сактандыру шарттары үшін белгілі бір түрлендірuler (аудиоспалы сыйакы әдісі).
- Женілдетілген тәсіл (сыйлықақыны бөлу негізіндегі тәсіл) негізінен қысқа мерзімді шарттарға арналған.

17 XKEC (IFRS) 2021 жылғы 1 қантардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте салыстырмалы акпаратты ұсыну қажет. Бұл стандарт Топқа қатысты қолданылмайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

«Инвестициялық жылжымайтын мүлікті санаттан санатқа ауыстыру» 40 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

Түзетулер, ұйым, құрылым немесе даму процесіндегі жылжымайтын мүлікті қоса алғанда, жылжымайтын мүлік объектілерін инвестициялық жылжымайтын мүлік санатынан басқа санатқа қашан аударуы тиіс екендігін түсіндіреді. Түзетулерде, пайдалану сипатының өзгеруі жылжымайтын мүлік объектісі инвестициялық жылжымайтын мүлік анықтамасына сәйкес келе бастағанда немесе сәйкес келмегендеге және оны пайдалану сипатының өзгеруі күәліктері болатындығы көрсетілген. Басшылықтың жылжымайтын мүлік объектісін пайдалануға қатысты ниецтерінің өзгеруі оны пайдалану сипатының өзгеруін күәлдандыраймыды. Ұйымдар бұл түзетулерді ұйым түзетулерді алғаш рет немесе осы күннен кейін қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне орын алатын пайдалану сипатының өзгеруіне қатысты перспективті турде қолдануы тиіс. Ұйым осы күнге ұсталағын жылжымайтын мүліктің жіктелуін қайталап саралауы тиіс, және, егер қолданылатын болса, осы күнге қолданылатын талаптарды көрсету үшін жылжымайтын мүлікті аударуы тиіс. Тек егер бұл барынша кеш түсken акпаратты қолданбастан мүмкін болса ғана, 8 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес ретроспективті қолдануға жол беріледі.

Түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл фактінің ашылып көрсетілуі талабымен мерзімнен бұрын қолдануға жол беріледі. Топ бұл түзетулерді, олр қүшіне енгенмен кейін қолданады. Дегенмен Топтың ағымдағы қызметі түзетулердің талаптарына сәйкес келгендіктен, Топ ол оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне есер етеді деп күтпейді.

Шетел валютасын қайта есептеу

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Компанияның және оның еншілес ұйымының функционалдық валютасы және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылатын теңгемен көрсетілген.

Теңге Компания және оның еншілес ұйымы қызметін атқаратын негізгі экономикалық ортандық валютасы болып табылады. Топтың әр компаниясы өзінің жеке функционалды валютасын айқындаиды және әрбір компанияның қаржылық есептілігіне қосылған баптар осы функционалдық валютада бағаланып отырады.

Шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда Топ компанияларымен операция тану критерийлерін қанағаттандырылған күнге қолданылатын спот-бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі.

Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалды валютаның спот-бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық айырмалар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Тарихи күннің негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Ресми айырбас бағамдары ретінде Қазақстан Республикасында Қазақстандық қор биржасы («ҚҚБ») белгілеген орташа алынған валюта бағамдары пайдаланылады.

ҚҚБ 2017 жылғы 31 желтоқсанда белгілеген АҚШ долларының айырбас бағамы 1 АҚШ долларына шаққанда 332,33 теңгені құрады (2016 жылы: 1 АҚШ долларына шаққанда 333,29 теңге). 2018 жылдың 28 ақпанына АҚШ долларының айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 320,25 теңге болды.

Бірлескен операцияларға инвестициялар

Бірлескен кәсіпорын – бірлескен кәсіпкерліктің түрі, әрі соған сай кәсіпкерлікке қатысты бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптардың бірлескен кәсіпорынның таза активтеріне құқықтары бар. Бірлескен бақылау – бұл шартпен негізделген бақылауды бірлесіп жүзеге асыру, әрі ол тек маңызды қызметке қатысты шешімдердің қабылдануы бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптардың бірауызды келісімін кажет еткен жағдайларда ғана орын алады.

Бірлескен операция – қызметке бірлескен кәсіпкерлікті жасай алған тараптарда активтерге арналған құқықтарының және қызметке байланысты міндеттемелер бойынша жауапкершіліктің болуын болжайтын бірлескен кәсіпкерлік түрі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Бірлескен операцияларға инвестициялар (жалғасы)

Айтарлықтай ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес компанияларға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұксас келеді.

Бірлескен операцияға өзінің қатысу үлесіне байланысты Топ мыналарды мойындайды:

- активтердегі үлесті қоса алғанда, бірлесіп ұсталатын активтерді;
- міндеттемелердегі үлесті қоса алғанда, бірлесіп көтерген міндеттемелерді;
- бірлескен операциядан түсken өнімнің өз үлесін сатудан түсken түсімді;
- өнімді сатудан, бірлескен операциядан түсken түсімдегі үлесті; және
- шығыстардағы үлесті қоса алғанда, бірлесіп көтерген шығыстарды.

Қауымдастан компанияға инвестициялар

Қауымдастан компания – бұл соған қатысты Топтың айтарлықтай ықпалы бар компания. Айтарлықтай ықпал – инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясатына қатысты шешімдерді қабылдауға қатысу өкілеттіктері, бірақ мұндай саясатқа қатысты бақылау немесе бірлескен бақылау.

Айтарлықтай ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес компанияларға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұксас келеді.

Топтың оның қауымдастан компаниясына инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдастан компанияға инвестиция алдымен бастапқы құны бойынша танылады. Инвестициялардың баланстық құны сатып алған күннен кейін туындастын қауымдастан компанияның таза активтеріндегі өзгерістердегі Топтың үлесі танылуы салдарынан не еседі немесе төмендейді. Қауымдастан компанияға жататын гудвил инвестицияның баланстық құнына кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне жеке тексеруге ұшырамайды.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп қауымдастан компания қызметінің қаржы нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Егер қауымдастан компанияның капиталында тікелей танылған өзгерістер болса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылғанда бұл фактін ашады.

Топтың қауымдастан компаниямен операциялары бойынша туындастын жұмсалмаған пайда мен зияндар Топтың қауымдастан компанияда қатысу үлесінің болған дәрежесінде алынып тасталды.

Қауымдастан компанияның пайдасындағы Топ үлесі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тікелей көрсетілген. Ол қауымдастан компанияның акционерлеріне келетін пайданы білдіреді, және сондықтан қауымдастан компаниялардың еншілес компанияларындағы салық салу мен бақыланбайтын қатысу үлесін есептегеннен кейін пайда ретінде айқындалады.

Қауымдастан компанияның қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігіндегі есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісі қолданылғаннан кейін Топ өзінің қауымдастан компаниясына инвестициясы бойынша құнсызданудан келген косымша залалын тану қажеттігін айқындалады.

Әрбір есепті кезеңде Топ қауымдастан компанияға құйылған инвестициялардың құнсыздануының обьективті күәлігінің болуын белгілейді. Мұндай күәліктер болған жағдайда. Топ құнсыздану сомасын қауымдастан компанияның өтелетін құны мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және осы соманды «Қауымдастан компанияның пайдасындағы үлес» бабы бойынша пайда мен зияндарда мойындайды.

Қауымдастан компанияға айтарлықтай ықпалдан айырылған жағдайда, Топ қалған инвестицияларды әділ құны бойынша бағалап, мойындайды. Едәуір ықпалдан айырылу сәтінде қауымдастан компанияның баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ құны және шығарылудан болған түсімдер арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында мойындалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Активтер мен міндettемелерді қысқа мерзімді және ұзак мерзімді етіп жіктеу

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте Топ активтер мен міндettемелерді олардың қысқа мерзімді және ұзак мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шенберінде сатуға немесе тұтынуға арналса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін арналса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өткізу болжанса; немесе
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде міндettемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қарожатын немесе олардың баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер ұзак мерзімді ретінде жіктеледі. Міндetteme қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны әдеттегі операциялық циклдің шенберінде өтеу болжанса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- Топтың есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде міндettемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.

Топ барлық басқа міндettемелерді ұзак мерзімді ретінде жіктейді.

Мерзімі ұзартылған салық активтері мен міндettемелері ұзак мерзімді активтер мен міндettемелер ретінде жіктеледі.

Әділ құнды бағалау

Топ мұндай қаржы құралдарын қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепті жасаудың әрбір құніне әділ құны бойынша туынды құралдар ретінде бағалайды. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құну және әділ құны қаржылық есептілікте ашылып көрсетілуі тиіс қаржылық емес активтер туралы ақпарат тиісінше 31-ескертпеде және 6-ескертпеде ашылып көрсетіледі.

Активтің сатылғаны үшін түсken немесе бағалау қуніне нарық қатысушыларының арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміленің шенберінде міндettемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады. Әділ құны бойынша бағалау активті сату немесе міндettемені беру бойынша мәміле:

- немесе бұл актив немесе міндetteme үшін негізгі нарықта;
- не болмаса негізгі нарықтың жоқтығы шарттарында, бұл актив немесе міндetteme үшін барынша қолайлы нарықта.

Топ негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс.

Активтің немесе міндettеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндettеменің бағасын анықтау кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің ең үздік мұдделерінде әрекет етеді деп болжануда.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланудан немесе оны мұндай активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сатудан болатын экономикалық пайданы жасау мүмкіндігін ескереді.

Топ мұндай бағалау әдістерін пайдаланады, әрі олар қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте орынды қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше аз пайдаланады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Әділ құны бағаланатын немесе қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған иерархиясының шенберінде жіктеледі:

- 1-денгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (кандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарықтық баға белгілеудері;
- 2-денгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері;
- 3-денгей – Иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құны бойынша бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Қаржылық есептілікте мерзімді негізде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Топ әрбір есепті кезеңін соңына жіктеуді қайта талдай отырып (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін елеулі болатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде) иерархия көздерінің деңгейлері арасында аудару фактісін айқындайды.

Топтың тиісті бөлімшесі (бұдан әрі – «Жұмыс тобы») тиісті активтер мен міндеттемелердің әділ құны бойынша мерзімді бағалауға арналған саясатты және ресімдерді айқындайды.

Бағалау жөніндегі Жұмыс тобының құрамына Активтерді басқару департаментінің, сондай-ақ Бюджеттеу және казынашылық департаментінің басшылары кіреді.

Тұынды құралдар сияқты маңызды активтерді бағалау үшін сыртқы бағалаушылар тартылады. Сыртқы бағалаушыларды тарту туралы шешімді Жұмыс тобы жыл сайын бұл шешімді Топтың аудиторлық комитеті талқылағаннан және бекіткеннен кейін қабылдайды. Иріктеу критерийлері ретінде нарықты білу, бедел, тәуелсіздік және кәсіби стандарттарға сәйкестік қолданылады. Сыртқы бағалаушылармен талқылағаннан кейін Жұмыс тобы әрбір жағдайда бағалаудың кандай әдістемесі мен бастапқы деректерді пайдалануға қажет екендігі жөнінде шешім қабылдайды.

Әрбір есепті күнге Жұмыс тобы Топтың есеп саясатына сәйкес қайталап талдау және қайталап бағалау қажет болатын активтер мен міндеттемелердің құнындағы өзгерістерді талдайды. Мұндай талдаудың шенберінде Жұмыс тобы бағалау кезінде пайдаланылған ақпаратты шарттармен және басқа да орынды құжаттармен салыстыру арқылы соңғы бағалау кезінде қолданылған негізгі бастапқы деректерді тексереді.

Жұмыс тобы және Топтың сыртқы бағалаушылары әрбір актив пен міндеттеменің әділ құнының өзгеруін өзгерістің негізділігін айқындау мақсатында тиісті сыртқы деректерімен салыстырады.

Жұмыс тобы және Топтың сыртқы бағалаушылары Топтың аудиторлық комитетіне бағалау нәтижелерін октатексте ұсынып отырады, бұл бағалау кезінде пайдаланылған негізгі жорамалдарды талқылауды болжайды.

Әділ құн туралы ақпаратты ашып көрсету мақсатында Топ активтер мен міндеттемелерді олардың сипатының, оларға тән сипаттамалар мен тәуекелдердің, сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендей әділ құн көздерінің иерархиясында қолданылатын деңгейдің негізінде жіктеді.

Kірістерді мойындау

Егер Топ экономикалық пайда алуды мүмкін деп бағаласа және егер пайда төлем жасау мерзіміне тәуелсіз сенімді бағалануы мүмкін болса, танылады. Пайда шартта анықталған төлем ережелері ескеріліп және салықтар немесе баждар шегеріліп, алынған немесе алуға жататын сыйақылардың әділ бағасы бойынша бағаланады. Топ пайда алуды көздейтін өзі жасаған шарттарды өзі принципал ма әлде агент пе дегенді анықтау мақсатында белгілі бір өлшемдерге сәйкес талдайды.

Топ шартта айқындалған төлем талаптарын ескере отырып және салықтарды немесе алымдарды шегере отырып түсімді алуды көздейтін өзі жасаған барлық шарттар бойынша принципал ретінде болады деген тұжырымға келді. Пайданы тану үшін мынадай өлшемдер де орындалуы тиіс:

Жылжымайтын мүлікті сату

Жылжымайтын мүлікті сатудан түсken кіріс, әдетте, жылжымайтын мүлікті иелік етуден болған едәуір тәуекелдер мен пайдалар сатып алушыға өткенде мойындалады. Аяқталмаған жылжымайтын мүлік объектілеріне талап ету құқықтарын қайта табыстаудан түсken кірістер сатып алушыға қатысты талап ету құқықтарына байланысты елеулі тәуекелдер мен пайданы беру кезінде мойындалады.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Кірістерді мойындау (жалғасы)

Жалға беруден түскен кіріс

Операциялық жалға берілген инвестициялық жылжымайтын мұліктен түскен кіріс жалдау мерзімінің ішінде тік сзыбыты әдіс бойынша ескеріледі және оның операциялық сипатына орай түсім құрамына қосылады.

Пайыздық кіріс

Амортизациялық құны және қолда бар сатуға арналған ретінде жіктелген пайыздық қаржы активтері бағаланатын барлық қаржы құралы бойынша пайыздық кіріс тімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып танылады, ол күтіліп отырган болашақ төлемдері немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде ақша қаражаттың түсін немесе, егер бұл орынды болса, қаржы активінің таза баланстық құнына немесе міндettемеге дейін шамалы кезеңге дәл шегереді.

Құрылыш компанияларын қаржыландырудан түскен пайыздық кіріс негізгі қызметтен болған кірістердің құрамына және басқа да пайыздық кірістер бөлігінде қаржыландырудан болған кірістердің құрамына қосылады.

Шығыстарды мойындау

Шығыстар пайда болу шамасына қарай танылады және олар есептеу әдісінің негізіне жатқызылған сол кезеңде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Қарыздар бойынша шығындар

Топтың ниетіне сәйкес пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін ұзак уақыт кезеңін міндettі түрде талап ететін активті сатып алушмен, салумен немесе өндірумен тікелей байланысты қарыздар бойынша шығындар мұндай активтің бастапқы құны ретінде капиталданады. Қарыздар бойынша барлық өзге шығындар келтірілген есепті кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Қарыздар бойынша шығындарға пайыздардың төленуі және Топ қарыза алынған қаражатпен байланысты шеккен басқа да шығындар жатады.

Табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы

Активтер және ағымдағы табыс салығы бойынша міндettемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдарына төлеуге болжанып отырган сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – бұл есепті құнгеп кабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнама.

Тікелей меншікті капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы салық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, меншікті капиталдың құрамында мойындалады. Топ басшылығы соган қатысты тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген позицияларды мерзімді етіп бағалайды және қажетіне қарай бағалау міндettемелерін құрады.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндettемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті құнгеп қаржылық есептілік максаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндettемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндettемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- кейінге қалдырылған салық міндettемесі бизнестерді біріктіру болып табылмайтын операцияның барысында гудвиді, активті немесе міндettемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындауды және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік табысқа да, сол сияқты салық салынатын табысқа немесе шығынға ықпал етпейді;
- еншілес ұйымдарға, қауымдастыран ұйымдарға, сондай-ақ бірлескен кәсіпкерлікке қатысу үlestермен инвестициялармен байланысты салық салынатын уақыт айырмашылықтарына қатысты егер уақыт айырмасын қалпына келтіру мерзімдерін бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Табыс салығы (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, келешек кезеңдерге ауыстырылған пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алыны мүмкін салық салынатын пайданың болуы ықтимал болатын дәрежеде барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, келешек кезеңдерге ауыстырылған пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша мойындалады:

- есептен шығарылатын уақыт айырмасына қатысты кейінге қалдырылған салық активі бизнестерді біріктірудің салдарынан емес пайда болған және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік табыска да, сол сияқты салық салынатын табыска немесе шығынға ықпал етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындаиды;
- еншілес ұйымдарға, қауымдастқан ұйымдарға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпкерлікке қатысу үлестерімен байланысты есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақыт айырмалары келешекте қалпына келтіріледі және соған қарсы уақыт айырмалары есепке алыны мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген айтارлықтай ықтималдылық бар дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта каралып, кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайданы алу ықтималдылығы шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта каралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін өтеуге мүмкіндік береді деген ықтималдық туындаған дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын немесе іс жүзінде қабылданған салық мөлшерлемелеріне (және салық заңнамасына) сүйене отырып активті өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде қолданылады деп күтілетін салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе шығын құрамында мойындалған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық пайда немесе шығын құрамында мойындалмайды. Мерзімі ұзартылған салықтар баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес не болмаса басқа да жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей меншікті капиталда мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, егер зәни түрғыдан корғалған ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерді есепке алу құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар дәл сол салық салынатын ұйымға немесе салық органына қатысты болса, бір біріне қарсы есепке алынады.

Жұмыскерлерге сыйақылар

Әлеуметтік салық

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес әлеуметтік салық төлейді. Әлеуметтік салық бойынша шығыстар олардың пайда болу сәтіндегі шығыстарға жатады.

Белгіленген жарналары бар зейнетакы жоспарлары

Топ арнайы зейнетакы қорларына жарна ретінде өз қызметкерлерінің жалақысынан 10% дейін ұстап қалады. Заңнаманың талаптарына сәйкес зейнетакы төлемдері бойынша жауапкершілік қызметкерлердің мойындарында жатыр, бұл ретте Топтың қызметкерлерге еңбек қызметін аяқтағаннан кейін өтемақыларды төлеу бойынша ағымдағы немесе келешек міндеттемелері жоқ.

Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

Бастапқы мойындау кезінде қаржы активтері сәйкесінше пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері; қарыздар мен дебиторлық берешек, сату үшін қолда бар қаржы активтері ретінде жіктеледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Бастапқы тану және бағалау (жалғасы)

Барлық қаржы активтері пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда, алғашқыда мәміле бойынша онымен тікелей байланысты шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша танылады.

Заннамада немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелерде белгіленген мерзімде активті жеткізуді талап ететін қаржы активтерін сатып алудың немесе сатудың барлық операциялары («стандартты талаптардағы» сауда) мәмілені жасау қүніне, яғни Топ өз мойнына активті сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған қүнге мойындалады.

Топтың қаржы активтеріне ақша қаражаты мен қысқа мерзімді әрі ұзак мерзімді депозиттер, мемлекеттік облигациялар, сауда және басқа да дебиторлық берешек, қарыздар және сыйакыны есептей отырып құрылым компанияларына төленген сомалар сияқты алынатын басқа да сомалар және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері жатады.

Кейінгі бағалау

Қаржы активтерін одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері

«Пайда немесе залал арқылы қайта бағаланатын қаржы активтері» санатына саудаға арналған қаржы активтері және пайда немесе залал арқылы қайта бағаланатын қаржы активтері санатында бастапқы тануға жатқызылған қаржы активтері жатады. Жақын арада сату мақсатымен сатып алынған болса, қаржы активтері саудалауға арналған деп жіктеледі. Бөлек ендірілген туынды құралдарды қоса алғанда, туынды құралдар, олар 39 ХКЕС (IAS) сайтиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі. Топ үлестік құралды сатып алу құқығын пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатындардың санатына жатқызыды.

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте әділ құны бойынша ескеріледі, ал әділ құнының таза өзгеруі қаржыландыру шығындарының құрамында (әділ құнның теріс таза өзгерістері) немесе жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландырудан болған кірістің құрамында (әділ құнның оң таза өзгерістері) мойындалады.

Топ сауда жасауга арналған, туынды құралдардан өзге болатын қаржы активтерін оларды таяу арада сату ниетінің бар-жогы туралы жорамалдың орынды болуына талдайды.

Егер Топ солар үшін белсенді нарыктардың болмауының салдарынан мұндай активтермен сауда жасауга шамасы келмесе және басшылықтың оларды таяу арада сатуға қатысты ниеті өзгеріп кетсе, Топ өте сирек жағдайларда мұндай қаржы активтерін қайта жіктеу туралы шешімді қабылдай алады. Мұндай активтерді қарыздар мен дебиторлық берешек, сату үшін қолда бар құралдар немесе өтеуге дейін ұсталатын қаржы құралдары санатына қайта жіктеу активтің сипатына байланысты болады.

Жасалатын талдау компанияның әділ құны бойынша есепке алу мүмкіндігін пайдалануына орай пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланған деп жіктелген қаржы активтеріне әсерін тигізбейді, өйткені мұндай құралдар бастапқыда мойындалғаннан кейін қайта жіктеле алмайды.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі ақша қаражаты мен оның баламаларына банктердегі ақша қаражаты және кассадағы қолмақтар ақша, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттер жатады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Кейінгі бағалау (жалғасы)

Қарыздар мен дебиторлық берешек

Ұзақ мерзімді депозиттерді қоса алғанда, қарыздар мен дебиторлық берешек белсенді нарықта жүрмейтін белгіленген немесе айқындалатын төлемдері бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін осы сиякты қаржы активтері құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып айқындалған амортизациялық құны бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану негізіндегі амортизация жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландырудан түсken кірістердің құрамына жаткызылады. Құнсызданумен негізделген шығыстар қарыздар болған жағдайда қаржыландыру бойынша шығындар құрамында және дебиторлық берешек болған жағдайда басқа да операциялық шығыстардың құрамында жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Сату үшін қолда бар қаржы инвестициялары

Сату үшін қолда бар қаржылық инвестицияларға борыштық бағалы қағаздар жатады. Осы санаттағы борыштық бағалы қағаздар – топ белгісіз уақыт кезеңі ішінде ұстап отырғысы келетін және өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында немесе нарықтық талаптардың өзгеруіне жауап ретінде сатылу мүмкін бағалы қағаздар.

Бастапқы бағаланғаннан кейін сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар әділ құны бойынша бағаланады, ал солар бойынша жұмсалмаған кірістер немесе шығыстар инвестициялардың мойындалуы тоқтаған сәтке дейін сату үшін қолда бар құралдар корының құрамында басқа да жынтық кіріс ретінде танылады, әрі онда жинақталған кірістер немесе шығыстар басқа да операциялық кірістің құрамында не болмаса оған шығыстар жиналыш қалған инвестиция құнсызданған болып есептелген сәтке дейін танылады және сату үшін қолда бар құралдар корынан пайда немесе залал құрамына қайта жіктеледі және қаржыландыру бойынша шығындар ретінде танылады. Сату үшін қолда бар қаржылық инвестицияларды ұстап кезеңінде алынған пайыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша пайыздық кірістер ретінде көрсетіледі.

Топ сату үшін қолда бар өзінің қаржы активтерін оларды таяу арада сату мүмкіндігі және ниетінің болуы туралы жорамал жасау затына бағалайды. Егер Топ солар үшін белсенді нарыктардың болмауының салдарынан мұндай қаржы активтерімен сауда жасауға шамасы келмесе және басшылықтың оларды таяу арада сатуға қатысты ниеті өзгеріп кетсе, Топ өте сирек жағдайларда мұндай қаржы активтерін қайта жіктеу туралы шешімді кабылдай алады.

Қарыздар мен дебиторлық берешек санатына қайта жіктеу, егер қаржы активтері қарыздар мен дебиторлық берешек анықтамасын қанағаттандырса және бұл ретте Топтын осы активтерді таяу арада немесе өтеуге дейін ұстап отыруға мүмкіндігі болса және ниет білдірсе, рұқсат етіледі. Өтеуге дейін ұсталатын құралдардың санатына қайта жіктеу, тек егер компанияның қаржы активін өтеуге дейін ұстап тұру мүмкіндігі болса және ұстағысы келсеган, рұқсат етіледі.

«Сату үшін қолда бар» санатының құрамынан қайта жіктелген қаржы активтері жағдайында қайта жіктеу күніне әділ құны жаңа амортизацияланған құнға айналады, ал осының алдында капитал құрамында мойындалған соған байланысты кірістер немесе шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып инвестициялардың қалған мерзімінің бойынша пайда немесе залал құрамында амортизацияланады. Жаңа амортизациялық құн бағалауы мен күтілетін ақша ағындарының арасындағы айырма тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып активті пайдаланудың қалған мерзімінің бойында амортизацияланады. Егер кейіннен актив құнсызданған деп белгілense, меншікті капиталда көрсетілген сома жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қайта жіктеледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Tануды тоқтату

Қаржы активі (немесе қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе сол сияқты қаржы активтері тобының бір бөлігі) мойындалуын тоқтатады (яғни, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталады), егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса; не болмаса
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тараңқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сактамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Топ өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сактап қала алған-алмаганын және, егер сактап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сактамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, Топ берілген активке өзінің катысуын жалғастыруды дәрежесінде тануын жалғастырады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемені көрсететін негізде бағаланады;

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Топ қаржылық активтің немесе қаржылық активтер тобының құнсыздануының объективті белгілерінің болуын бағалайды. Қаржы активі немесе қаржылық активтер тобы активті бастапқы мойындаудан кейін орын алған бір немесе одан артық оқиға (орын алған «шығынның туында жағдайы») нәтижесінде құнсызданудың объективті дәлелі болған жағдайда құнсызданған болып есептеледі, әрі олар сенімді түрде бағалауға болатын қаржы активі немесе қаржылық активтер тобы бойынша күтілетін болашак ақша қараждаты ағындарына әсер етті. Құнсыздану дәлелі борышкер немесе борышкерлер тобы айтарлықтай қаржылық киыншылықтар көріп отырганын көрсетуді, өзінің қарызын өтей алмауды немесе берешектің пайыздарын немесе негізгі сомасын төлеуді тиянакты жүзеге асырмауды, сондай-ақ олар банкроттық немесе өзге түрде қаржылық қайта ұйымдастыру рәсімін жүргізуі мүмкін болуын камтиды.

Сонымен бірге, мұндай дәлелдерге бағалауға болатын қаржы құралы бойынша күтілетін келешек ақша ағындарының азауына көрсететін байқалатын деректер, атап айтқанда, мерзімі өткен берешек көлемдерінің және борыштарды төлеу міндеттемелерін орындаудан бас тартулармен белгілі бір өзара байланысты болатын экономикалық жағдайлардың өзгеруі жатады.

Амортизациялық құн бойынша ескерілетін қаржы активтері

Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін қаржылық активтерге қатысты Топ ең алдымен дербес маңызды қаржылық активтердің объективті құнсыздану дәлелдеріне жеке бағалау не болмаса дербес маңызды болып табылмайтын қаржы активтері бойынша жиынтық бағалау жасайды.

Егер Топ дербес бағаланатын қаржы активі құнсыздануының объективті дәлелдері жоқ деп анықтаса, ол осы активті дәл сондай несиелік тәуекел сипаттамалары бар қаржы активтері тобына қосады, ал содан кейін осы активтерді жиынтық негізде құнсыздану мәніне қарастырады. Құнсыздану мәніне жеке бағаланатын активтер бойынша не құнсызданудан болған залалдарды тану жалғастырылады, не құнсыздану мәніне жиынтық бағаға енгізілмейді.

Құнсызданудан болған залал шегудің уәжді дәлелі болған ретте, залал сомасы активтің баланстық құны мен күтіліп отырган болашақ ақша ағынның келтірілген құны арасындағы айырма ретінде (әлі шекпеген болашақ күтіліп отырган несиелік залалдар ескерілмей) бағаланады. Болашақ есептің ақша ағымдарының келтірілген құны қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтировлады. Егер қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме күбылмалы болып табылса, құнсыздану шығынын бағалау үшін дисконттау мөлшерлемесі пайыздың ағымдағы тиімді мөлшерлемесін білдіреді.

Активтің баланстық құны резерв шотын пайдалану есебінен төмендейді және шығын сомасы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Каржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)

Азайтылған баланстық құн бойынша пайыздық кірістің есептелуі құнсыздану шығынын бағалау максатында келешек ақша ағындарын дисконттау үшін қолданылатын пайыздық мөлшерлемеге негізделе отырып жалғасады. Пайыздық кірістер жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландырудан түсken кіrіster құрамында көрсетіледі. Қарыздар егер оларды болашақта өтеудің айқын келешегі болмаса, ал барлық қол жетімді қамтамасыз ету іске асырылған не Топқа берілген болса, тиісті резервтермен бірге теңгерімнен шығарылады. Егер келесі жылдың ішінде құнсызданудан болған есепті шығының сомасы құнсыздануды мойындағаннан кейін болған қандай да бір оқиғаның салдарынан ұлғайса не болмаса азайса, бұрын мойындалған құнсыздану шығынының сомасы резерв шотын түзету арқылы ұлғайтылады немесе азайтылады. Егер қаржы құралының құнның бұрынғы есептен шығарылуы кейіннен қалпына келтірлесе, қалпына келтіру сомасы жиынтық кіrіs туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру шығындарын азайту ретінде мойындалады.

Сату үшін қолда бар қаржы инвестициялары

Сату үшін қолда бар қаржы инвестиацияларына қатысты Топ әрбір есепті қунге инвестиция немесе инвестиациялар тобы құнсыздануға ұшырағандығының объективті дәлелдерінің барын бағалайды.

Сату үшін қолда бар деп жіктелген үлестік құралдар жағдайында құнсыздану амортизацияланған құн бойынша ескерілетін қаржы активтеріне қатысты қолданылатын дәл сол критерийлердің негізінде бағаланады. Дегенмен құнсызданудан болған шығын сомасы бұрын жиынтық кіrіs туралы шоғырландырылған есепте мойындалған осы инвестиациялар бойынша құнсыздану шығынын шегере отырып, амортизацияланған құн мен ағымдағы әділ құн арасындағы айырма ретінде бағаланған жинақталған шығынды білдіреді.

Активтің азайтылған баланстық құнына қатысты пайыздардың есептелуі құнсыздану шығынын бағалау максатында келешек ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылған пайыздық мөлшерлеме бойынша жалғасады. Пайыздық кіrіster жиынтық кіrіs туралы шоғырландырылған есепте қаржыландырудан түsken кіrіster құрамында көрсетіледі. Егер келесі жылдың ішінде борыштық құралдың әділ құны көбейсе және бұл есім объективті түрде құнсыздану шығындары жиынтық кіrіs туралы шоғырландырылған есепте танылғаннан кейін болған оқиғаға байланысты болса, онда құнсыздану шығыны жиынтық кіrіs туралы шоғырландырылған есеп арқылы қалпына келтірледі.

Каржылық міндettемелер

Бастапқы тану және бағалау

Каржылық міндettемелер бастапқыда танылған кезде пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндettемелер, несиeler мен қарыз алулар немесе кредиторлық берешек ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндettемелер алдымен олармен тіkelей байланысты мәміле бойынша шығындарды шегере отырып (несиeler, қарыздар мен кредиторлық берешек болған жағдайда), әділ құны бойынша танылады.

Топтың қаржылық міндettемелеріне кредиторлық берешек, Бас компанияның қарыздары жатады.

Кейінгі бағалау

Қаржылық міндettемелерді кейінгі бағалау оларды былай жіктеуге байланысты:

Кредиторлық берешек

Кредиторлық берешек бойынша міндettемелер Топқа шоттардың жазылып берілуіне қарамастан алынған тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін келешекте төленуі тиіс болатын соманың әділ құны болып табылатын бастапқы құн бойынша ескеріледі.

Бас компаниядан алынған қарыз

Бас компаниядан алынған қарыз бастапқы танудан кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Тиісті кіrіster мен шығыстар міндettемелерді тану тоқтатылған кезде, сондай-ақ амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіrіs туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

Кейінгі бағалау (жалғасы)

Бас компаниядан алынған қарыз (жалғасы)

Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылmas болігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлемені амортизациялау жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру шығыстарының құрамына кіреді.

Тануды тоқтату

Егер міндеттеме өтелсе, жойылса немесе оның қолданылу мерзімі өтіп кетсе, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі қаржылық міндеттеменің мойындалуы тоқтатылады.

Егер Бас компанияның алдындағы қаржылық міндеттеме біршама айырмашылығы бар шарттарда Бас компанияның алдындағы өзге міндеттемеге ауыстырылса немесе, егер бар қаржылық міндеттеменің талаптары біршама өзгерілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерістер бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені тануды бастау деп есептеледі, ал олардың баланстық құнындағы айырма капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ нетто-негізде есеп айрысуниетіне не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге зангерлік құқық болғандаға қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылуы тиіс.

Құрылыс компанияларына берілген аванстар

Құрылыс компанияларына берілген аванстар жылжымайтын мүлік объектілерін салу үшін төленген аванстық төлемдерді білдіреді, ері ол кейіннен инвестициялық жылжымайтын мүлік не болмаса өткізуге арналған жылжымайтын мүлік ретінде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылады. Құрылыс компанияларына берілген аванстар, егер болса, құнсыздандыу шегеру арқылы үлестік қатысу шарттарын жасау күніне құны (нақты аударылған сома) бойынша бағаланады. Объектіге қатысты меншік құқығының құрылыс компаниясынан Топқа ауысу сәтіне құрылыс компанияларына берілген аванстың баптары жабылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлікке жалдау ақысын немесе капитал құнының өсуінен түсken кірісті алу үшін ұсталатын жылжымайтын мүлік кіреді.

Жалдау талаптарында меншіктегі жылжымайтын мүлік инвестициялық жылжымайтын мүліктің анықтамасына сәйкес келгенде инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде жіктеледі. Жалдау бойынша міндеттемелер 17 ХКЕС (IAS) сәйкес жалға алынатын жылжымайтын мүлік сыйақысының әділ құны бойынша танылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік алғашқыда, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, бастапқы құны бойынша бағаланады. Баланстық құнға, егер оларды мойындау критерийлері орындалсағ мұндай шығындардың пайда болуы сәтіне қолдағы инвестициялық жылжымайтын мүліктің бөліктерін ауыстыру құны кіреді және инвестициялық мүлікке құнделікті қызмет көрсету шығындары кірмейді. Бастапқы танылғаннан кейін инвестициялық жылжымайтын мүлік жинақталған тозу мен жинақталған құнсыздандыу шегерे отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Тозу оның пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тік әдіспен есептеледі, ері оның мерзімі 50 жылды құрайды.

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте инвестициялық жылжымайтын мүліктің танылуы ол шығарылған кезде не болмаса, егер ол пайдалапудан шығарылған жағдайда және оның шығуынан келешекте экономикалық пайда күтілмеген жағдайда тоқтатылады. Есептен шығарылудан болған таза түсімдер мен активтің баланстық құнындағы айырма оның мойындалуы тоқтаған есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Инвестициялық жылжымайтын мүлік (жалғасы)

Инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына не болмаса одан аудару жылжымайтын мүлікті пайдалану сипатында өзгерістер болғандаған жүзеге асырылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктен меншік иесі алғып отыратын жылжымайтын мүлік объектісіне аудару кезінде кейінгі есепке алу мақсаттары үшін шартты бастапқы құны пайдалану мақсаттарын өзгерту сәтіне әділ құнды білдіреді. Меншік иесі алғып отырган жылжымайтын мүлік объектісі инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісіне айналған жағдайда, Топ мұндай жылжымайтын мүлікті пайдалану мақсаттарын өзгерту сәтіне дейін негізгі құралдарды есепке алу саясатына сәйкес ескереді.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік оның баланстық құны жалғасып отырган пайдаланудың нәтижесінде емес, сату арқылы өтеледі деп күтілгенде, сату үшін ұсталатын айналымнан тыс активтердің санатына аударылады. Егер жылжымайтын мүлік осы сияқты жылжымайтын мүлікті сату үшін әдеттеңдій болатын шарттарда өзінің ағымдағы күйінде деру сатыла алса, сондай-ақ сату мүмкіндігі жоғары болса, мұндай шарт сакталған болып есептеледі.

Басқа да ұзак мерзімді активтер

Басқа да ұзак мерзімді активтерге келешекте қаржылық жалға беруге арналған жылжымайтын мүлік не болмаса сол бойынша есепті қүнге оның балансстық құны қалайша өтелетіндігі анықталмаған жылжымайтын мүлік кіреді. Басқа да ұзак мерзімді активтер мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, бастапқы құны бойынша бағаланады. Бастапқы мойындалғаннан кейін басқа да ұзак мерзімді активтер жинақталған құнсызданды шегерे отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Басқа да ұзак мерзімді активтер амортизацияланбайды. Басқа да ұзак мерзімді активтер санатына не болмаса одан аудару жылжымайтын мүлікті пайдалану сипатында өзгерістер болғандаған жүзеге асырылады.

Материалдық емес активтер

Жеке сатып алған материалдық емес активтер бастапқы танылған кезде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алған материалдық емес активтердің бастапқы құны сатып алу күніне олардың әділ құны болып табылады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген бастапқы құны бойынша ескеріледі. Өнімдерді әзірлеуге капиталға айналдырылған шығындарды қоспағанда, топ ішінде жасалған материалдық емес активтер капиталға айналмайды және тиісті шығыс олар пайда болған есепті жыл үшін жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Материалдық емес активтердің шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар.

Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтер осы мерзімнің ішінде амортизацияланады және егер мұндай материалдық емес активтің құнсыздану белгілері болса, құнсыздану мәніне бағаланады. Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес актив үшін амортизация кезеңі мен оны есептей әдісі кем дегендеге әрбір есепті кезеңнің сонында қайта қаралады.

Пайдалы пайдаланудың болжамды мерзімінің немесе активте көрсетілген келешек экономикалық пайданы тұтынудың болжамды құрылымының өзгеруі кезеңнің немесе жағдайға қарай амортизацияны есептей әдісінің өзгеруі ретінде жеке қаржылық есептілікте көрсетіледі және есепті бағалаудың өзгеруі ретінде ескереді. Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активке арналған шығындар жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте материалдық емес активтер қызметіне сәйкес шығыстар санатында танылады.

Материалдық емес активті мойындауды тоқтатудан болған кіріс немесе шығыс активтің есептен шығарылуынан тұсken таза тұсім мен активтің баланстық құнының арасындағы айырма ретінде өлшенеді және мұндай активті мойындауды тоқтату сәтіне жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Материалдық емес активтер негізінен бағдарламалық қамтамасыз ету мен лицензиялардан құралады. Материалдық емес активтер, әдетте бес жылдан он жылға дейінгі мерзімді құрайтын олардың пайдалы қызметін есептей мерзімі ішінде желілік негізде өтелінеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Негізгі құралдар**

Негізгі құралдар жинақталған амортизацияны және/немесе олар болған жағдайда құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегересе отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Мұндай құнға құрал-жабдықтардың бөлшектерін ауыстыру құны және егер оларды капиталдандыру критерийлері орындалса, ұзақ мерзімді құрылыш жобалары болған жағдайда карыздар бойынша шығындар кіреді. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Топ осы сияқты құрамдастарды оларға тән болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жекелеген активтер ретінде мойындалады және оларды лайыкты түрде амортизациялайды. Сол сияқты, негізгі техникалық шолып тексеруді жүргізген кезде сонымен байланысты шығындар, егер мойындаудың барлық критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құндында мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Тозу активтердің пайдалы қызметін келесі есепті мерзімдерінің ішінде желілік әдіспен есептеледі:

Жылдар

Фимарат	46-50
Офистік құрал-жабдықтар	3-10
Көлік құралдары	4-7

Бұрын мойындалған негізгі құралдарды мойындаудың тоқтату олардың шығуы кезінде немесе егер келешекте осы активті пайдаланудан немесе шығуынан экономикалық пайданы алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындаудың кіріс немесе шығыс (активтің шығуынан және тенгерімдік құндынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке кіргізіледі.

Активтерді тарату құны, пайдалы қызмет ету мерзімі және амортизация әдістері әрбір жылдық есепті кезеңнің сонында сарапанады және қажет болғанда түзетіледі.

Негізгі құралдарға көбінесе әкімшілік ғимарат, жер және кеңсе жабдықтары жатады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті қүнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындауды. Мұндай белгілер болғанда немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тестілеуді орындау қажет болса, Топ активтің өтелетін құнның бағалайды.

Активтің өтелетін сомасы немесе ақша ағындарын жасайтын құнсыздану – келесі өлшемдердің ең үлкені: есептен шыгару шығындарын және активті пайдалану құндылығын (ақша қаражатын жасайтын бірліктер) шегересе отырып активтің (ақша қаражатын жасайтын бірліктер) әділ құны. Өтелетін сома негізінен актив басқа активтер немесе активтердің топтары тудыратын ағындардан тәуелсіз ақша ағындарын тудырмайтын жағдайларды қоспағанда, жекелеген актив үшін анықталады.

Егер активтің немесе ақша қаражатын тудыратын бірліктің баланстық құны оның өтелетін сомадан артып кетсе, актив құнсызданған деп саналады және өтелетін құннына дейін есептен шыгарылады.

Пайдаланудан болатын құндылықты бағалау кезінде болашақтағы ақша ағындары келтірілген құнға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша активке тән ақша мен тәуекелдердің уақытша құнның ағымдағы нарықтық бағасын қөрсететін салық салғанға дейін дисконтталауды. Есептен шыгаруға арналған шығындарды шегергенде әділ құнны анықтау кезінде жуық арадағы нарықтық операциялар ескеріледі. Олар болмаган кезде бағалаудың тиісті үлгісі колданылады. Мұндай есептеулер бағалау коэффициенттерімен, акциялар нарығында еркін айналыста болатын баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да колжетімді қөрсеткіштерімен расталады.

Топ жекелеген активтер жататын әрбір ақша қаражатын тудыратын бірлік үшін бөлек әзірленетін мұқият жоспарларға және болжамды есептеулere сүйене отырып құнсыздану сомасын айқындауды. Бұл жоспарлар мен болжамды есеп айырысулар әдетте 5 (бес) жылға жасалады. Ұзақ мерзімді өсім үрдістері бесінші жылдан кейін болжанатын келешек ақша ағындарына қатысты есептеліп, колданылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы (жалғасы)

Қайта бағалау өзге де жиынтық кіріс құрамында танылған бұрынғы қайта бағаланған жылжымайтын мүлік обьектілерін қоспағанда, құнсызданған актив қызметтіне сәйкес шығыстар санаты құрамындағы жиынтық шығын туралы есепте танылатын жалғасып отырған қызметтін құнсыздануынан болатын залалдар. Мұндай жылжымайтын мүлік обьектілері болған жағдайда құнсыздану залалы басқа да жиынтық кірістің құрамында бұрын жасалған қайта бағалау сомаларының шегінде танылады.

Топ әрбір есепті қүнге активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жок немесе қысқарған екендігінің белгілері бар-жоғын айқындаиды. Егер ондай белгі бар болып шықса, Топ активтің немесе акша қаражатын тудыратын бірліктің өтелетін соманы есептейді. Құнсызданудан болатын бұрын танылған шығындар, егер құнсызданудан болатын шығынды соңғы рет таныған уақыттан бастап активтің өтелетін соманы айқындау үшін пайдаланылған жол берілімде өзгеріс орын алған жағдайдаға калпына келтіріледі.

Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда баланстық құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған залал деп танылмаған жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін. Құнды бұлайша қалпына келтіру актив қайта бағаланған құны бойынша есептелген жағдайларды қоспағанда, жиынтық шығын туралы есепте танылады. Соңғы жағдайда құнның қалпына келтірілуі қайта бағалаудан болған құнның өсімі ретінде ескеріледі.

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық қорлар қос мөлшердің ең азы бойынша ескеріледі: өзіндік құн және өткізудің таза құнды. Шығындарға қорларды межелі жерге дейін жеткізу және оларды лайықты құйге келтіру кезінде болған шығыстар кіреді. Таза өткізу құнды өндірісті аяқтауға болжанған шығыстарды және өткізуге ықтимал шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызмет барысындағы болжамды өткізу бағасы. Барлық қорлар орташа алынған құнның әдісі бойынша бағаланады.

Сатуға арналған жылжымайтын мүлік

Жалға беру немесе капитал өсімі үшін ұстау үшін емес, операциялық қызметтің барысында сату үшін сатып алынған жылжымайтын мүлік сатуға арналған жылжымайтын мүлік ретінде ескеріледі және өзіндік құнның ең азы және сатудың таза құны бойынша бағаланады. Сатуға арналған жылжымайтын мүліктің құннына мыналар кіреді:

- меншік құқығы және жерді жалдау құқығы;
- мердігерлерге құрылыш үшін төленген сомалар;
- қарыздар бойынша шығындар, жоспарлау және жобалау шығындары, құрылыш алаңын дайындау шығындары, зангерлік қызметтер үшін кәсіби сыйакы, меншікті беру салығы, құрылышқа үстеме шығыстар және басқа да байланысты шығыстар.

Өткізудің таза құнды – бұл есепті қүнге нарықтық бағаларға негізделген және ақшаның уақытша құнның бағалауды ескере отырып дисконтталған, егер бұл материалды болса, құрылышты аяқтауға арналған болжамды шығындарды және өткізуге арналған ықтимал шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызмет барысында өткізудің болжамды бағасы.

Есептен шығарылу кезінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін сатуға арналған жылжымайтын мүліктің құннына, сатылған жылжымайтын мүлікке байланысты болған шығыстар және сатылған жылжымайтын мүліктің салыстырмалы мөлшерінің негізінде бөлінген үстеме шығыстар кіреді.

Жалға алушылар салатын кепілдік төлемдері

Жалға алушылар салатын кепілдік төлемдері жалға алушылар қаржылық жалдау шарттары бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде салатын сомаларды білдіреді. Жалдау мерзімінің соңында кепілдікті міндеттемелердің қаражатын жалға алушылар соңғы жалдау төлемдерін өтсөн үшін пайдаланады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Жалдау

Келісім жалға алу болып табылатындығын немесе онда жалға алу белгілері бар екендігін анықтау жалдау катынастарының басталу күніне келісім мазмұнын талдауға негізделеді. Келісім жалдау болып табылады немесе активтерді пайдалануға тәуелді болатындығын және мұндай келісімнің нәтижесінде активті немесе активтерді пайдалану құқығы бір тараптан басқа тарапқа өтетіндігін, тіпті егер бұл келісімде анық көрсетілмесе де, анықтауды талап етеді.

Top жалға беруші ретінде

Сол бойынша Топқа іс жүзінде жалға алғынған активті иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайда өтетін қаржылық жалдау жалға алғынған мүліктің әділ құны бойынша жалдау катынастарының басталу күніне капиталданады немесе егер осы сома аз болса, – ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша капиталданады.

Жалдау төлемдері өтмелеген актив сомасына пайыздың тұрақты мөлшерлемесі пайда болатындағы етіп қаржыландыру кірістері мен қаржылық жалдау бойынша активтің ұлғауы арасында бөлінеді. Қаржыландырудан түсken кіrіster tіkелей жиынтық kіrіc туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Топ активті иелік етуден тәуекелдерді және табысты бермейтін жалдау шарттары операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалға алу бойынша төлемдер жиынтық кіrіc туралы шоғырландырылған есепте барлық жалға берау мерзімі ішінде біркелкі танылады.

Top жалға алушы ретінде

Топқа активті иелік етуден тәуекелдер және табыс өтпейтін жалдау шарттары операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалға алу бойынша төлемдер жиынтық кіrіc туралы шоғырландырылған есепте шығыс ретінде барлық жалға берау мерзімі ішінде біркелкі танылады.

Резервтер

Егер Топтың бұрын болған оқиғаның нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемесі (зангерлік немесе тәжірибеден туындағы) болса, осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайданың әкетілуі ықтимал болып табылса және мұндай міндеттеме сомасының сенімді бағасы алынуы мүмкін болғанда, резервтер мойындалады. Егер Топ резервтердің кейбір бөлігінің немесе барлығының өтемакысын алады болжаса, мысалы, сактандыру шарты бойынша, өтеу жекелеген актив ретінде тек өтемакының алынуы күмән келтірмеген жағдайдағана мойындалады. Резервке катысты шығыс өтемакыны шегере отырып, жиынтық кіrіc туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген.

Мемлекеттік субсидиялар

Егер мемлекеттік субсидиялар алынып, соған байланысты барлық талаптар орындалады деген негізделген сенімділік болса, субсидиялар танылады.

Егер субсидия белгілі бір шығыстарды қаржыландыру мақсатында берілсе, ол өтелуі тиіс шығындар шығыстарына есептен шығарылатын кезеңдерде жүйелі негізде кіrіc ретінде мойындалуы тиіс. Егер субсидия активті қаржыландыру мақсатында берілсе, ол тиісті активті қутілетін пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тен үлестермен кіrіc ретінде мойындалады.

Топ субсидияларды монетарлық емес активтер күйінде алған жағдайларда, актив пен субсидия номиналды өлшемі бойынша ескеріліп, оның пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде базалық активтен пайданы тұтыну күрьылымына сәйкес жыл сайын тен бөліктермен пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР**

2017 және 2016 жылдардағы негізгі құралдардың козгалысы келесідей көрсетілген:

Мың теңгемен	Жер	Ғимараттар	Офистік құрал-жабдықтар	Жиыны
Бастапқы құн				
2015 жылдың 31 желтоқсанына	26.101	4.882.767	318.626	5.227.494
Түсімдер	-	-	57.108	57.108
Шығару	-	-	(3.942)	(3.942)
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аударылды (б-ескертпе)	-	(3.541.637)	-	(3.541.637)
2016 жылдың 31 желтоқсанына	26.101	1.341.130	371.792	1.739.023
Түсімдер	-	-	33.727	33.727
Шығару	-	-	(165)	(165)
2017 жылдың 31 желтоқсанына	26.101	1.341.130	405.354	1.772.585
Жинақталған тозу				
2015 жылдың 31 желтоқсанына	-	(440.720)	(166.034)	(606.754)
Бір жылғы есептелген тозу	-	(29.099)	(46.210)	(75.309)
Шығу кезіндегі тозу	-	-	1.347	1.347
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аудару (б-ескертпе)	-	320.800	-	320.800
2016 жылдың 31 желтоқсанына	-	(149.019)	(210.897)	(359.916)
Бір жылғы есептелген тозу	-	(29.099)	(31.230)	(60.329)
Шығу кезіндегі тозу	-	-	80	80
2017 жылдың 31 желтоқсанына	-	(178.118)	(242.047)	(420.165)
Қалдық құны				
2016 жылдың 31 желтоқсанына	26.101	1.192.111	160.895	1.379.107
2017 жылдың 31 желтоқсанына	26.101	1.163.012	163.307	1.352.420

2016 жылдың 31 желтоқсанына қалдық құны 3.220.837 мың теңге болатын қалдық құнымен «Қазына Тауэр» ғимаратының негізгі бөлігі жылжымайтын мүлікті пайдалану сипатындағы өзгеріске орай инвестициялық жылжымайтын мүлікке аударылды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**6. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК**

2016 және 2017 жылдардағы инвестициялық жылжымайтын мүліктің қозғалысы келесідей көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	<i>Фимарат</i>	<i>Коммерциялық үй-жайлар</i>	<i>Автотұрақ орындары</i>	<i>Жиыны</i>
Бастапқы құн				
2015 жылдың 31 желтоқсанына	–	328.600	606.000	934.600
Сатуға арналған жылжымайтын мүлікке ауыстырылғаны <i>(7-ескертпеле)</i>	–	(81.696)	(8.000)	(89.696)
Негізгі құрападардан аударылғаны <i>(5-ескертпеле)</i>	3.541.637	–	–	3.541.637
2016 жылдың 31 желтоқсанына	3.541.637	246.904	598.000	4.386.541
Сатуға арналған жылжымайтын мүлікке ауыстырылғаны <i>(7-ескертпеле)</i>	–	(135.667)	–	(135.667)
2017 жылдың 31 желтоқсанына	3.541.637	111.237	598.000	4.250.874
Жинақталған амортизация және құнсыздану				
2015 жылдың 31 желтоқсанына	–	(30.175)	(71.713)	(101.888)
Бір жылғы есептелген тозу	(76.992)	–	(11.015)	(88.007)
Шығу кезіндегі тозу	–	3.401	–	3.401
Негізгі құрападардан аударылғаны <i>(5-ескертпеле)</i>	(320.800)	–	–	(320.800)
2016 жылдың 31 желтоқсанына	(397.792)	(26.774)	(82.728)	(507.294)
Бір жылғы есептелген тозу	(76.992)	–	(11.961)	(88.953)
Шығу кезіндегі тозу	–	4.293	–	4.293
2017 жылдың 31 желтоқсанына	(474.784)	(22.481)	(94.689)	(591.954)
Қалдық құны				
2016 жылдың 31 желтоқсанына	3.143.845	220.130	515.272	3.879.247
2017 жылдың 31 желтоқсанына	3.066.853	88.756	503.311	3.658.920

2017 жылы инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құнын тұрақты талдаудың нәтижесінде Топ Басшылығы коммерциялық және тұрғын үй-жайлардың баланстық құны үй-жайлардың әділ құнынан аспайды деген тұжырымға келді.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құны 6.056.723 мың теңгені (2016 жылды: 7.479.628 мың теңге) құрады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**7. САТУҒА АРНАЛҒАН ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК**

Мың тенге	Пәтерлер	Коммерциялық үй-жайлар	Автотұрақ орындары	Жынысы
2015 жылдың 31 желтоқсанына	3.806.587	—	—	3.806.587
Жылжымайтын мүліктің түсүі (8-ескертпеле)	493.020	—	—	493.020
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен аударылғаны (б-ескертпеле)	—	81.696	8.000	89.696
Өткізілген жылжымайтын мүлік (25-ескертпеле)	(3.010.482)	(28.037)	—	(3.038.519)
Қаржылық жалдауға берілді	—	(81.696)	(8.000)	(89.696)
Ішкі ауыстырулар	(95.318)	95.318	—	—
Басқа ұзақ мерзімді активтерге ауыстырылды (13-ескертпеле)	(933.173)	28.037	—	(905.136)
2016 жылдың 31 желтоқсанына	260.634	95.318	—	355.952
Жылжымайтын мүліктің түсүі (8-ескертпеле)	23.055	—	—	23.055
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен аударылғаны (б-ескертпеле)	—	135.667	—	135.667
Өткізілген жылжымайтын мүлік (25-ескертпеле)	(233.079)	(25.847)	—	(258.926)
Қаржылық жалдауға берілді	—	(134.227)	—	(134.227)
Басқа ұзақ мерзімді активтерден ауыстырылды (13-ескертпеле)	19.470	24.407	—	43.877
Басқа ұзақ мерзімді активтерге ауыстырылды (13-ескертпеле)	(21.945)	(95.318)	—	(117.263)
2017 жылдың 31 желтоқсанына	48.135	—	—	48.135

2017 жылы, Топтың балансына «Нұрлы жер» бағдарламасының шеңберінде Астана қ. «Шығыс» екі тұрғын үй түсті, бағыты – сатып алу құқығымен жалданатын баспа (бұрынғы – «Өнірлерді дамыту бағдарламасы-2020»).

8. ҚҰРЫЛЫС КОМПАНИЯЛАРЫНА БЕРІЛГЕН АВАНСТАР

Топ құрылыш компанияларымен (бұдан әрі – «Салушы») пәтерлерді, коммерциялық үй-жайларды және автотұрақ орындарын сатып алуға шарттарды жасайды. Шарттардың ережелеріне сәйкес Топ Салушыларға аванстық төлемдерді жүзеге асыруға міндеттенді, ал Салушылар белгіленген мерзімде құрылышты аяқтауға міндеттенді. Салушылар құрылышты аяқтағаннан кейін және оларжы лайыкты түрде мемлекеттік тіркеу органдарында ресімдегенден кейін Топ тиісті объектілердің иесіне айналады. Қолданыстағы шарттар бойынша көпшілік объектілердің құрылышын аяқтау 2018 жылы күтіліп отыр.

Топтың Салушылармен жасаған шарттарында кепілдік ережелер қарастырылған, оған сәйкес Топ берген алдын ала төлемін жоғалтқан жағдайда, тәуекелдерді өтеу үшін Салушылар жер телімдері мен аяқталмаған құрылыш түрінде қамтамасыз етеді.

2016 және 2017 жылдар үшін құрылыш компанияларына берілген аванстардың қозғалысы белайша көрсетілген:

Мың тенге	2017 жыл	2016 жыл
Жыл басына	13.551.250	9.746.719
Бір жылда берілген аванстар	10.498.809	8.102.975
Алынған жылжымайтын мүлік объектілері	(13.203.019)	(3.878.281)
Талап ету құқықтарын басқаға беру	—	(471.176)
Кепілдік төлемдері	197.470	51.013
Жыл соңына	11.044.510	13.551.250
Минусы: Топтың меншігіне есепті қүннен кейін 12 айдың ішінде берілетін/өткізілетін салынып жатқан объектілер үшін аванстар	(8.103)	(3.758.257)
Жалға берілетін салынып жатқан объектілер үшін аванстар	11.036.407	9.792.993

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**8. ҚҰРЫЛЫС КОМПАНИЯЛАРЫНА БЕРИЛГЕН АВАНСТАР (жалғасы)**

Жылжымайтын мұлік объектілері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте байлайша танылды:

<u>Мың теңгемен</u>	<u>2017 жыл</u>	<u>2016 жыл</u>
Басқа да ұзақ мерзімді активтер (13-ескертпе)	13.228.648	3.337.168
Сатуға арналған жылжымайтын мұлік (7-ескертпе)	23.055	493.020
Аванстармен байланысты емес аяқталмаған құрылыш бойынша қызыметтер	(48.684)	—
Басқа да ұзақ мерзімді активтер үшін төленген қосылған құн салығы	—	48.093
	13.203.019	3.878.281

9. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

Ұзак мерзімді қаржы активтері байлайша көрсетілген:

<u>Мың теңгемен</u>	<u>2017 жыл</u>	<u>2016 жыл</u>
Қаржылық жалдау бойынша берешек	40.042.701	37.820.240
Құрылыш компанияларына берілген қарыздар	158.219	52.996
«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша құрылыш компанияларына берілген қарыздар	—	32.369.914
Әділ құны бойынша ескерілетін опция (16-ескертпе)	—	352.105
	40.200.920	70.595.255

Қаржылық жалдау бойынша берешек

Қаржылық жалдау бойынша берешек қолданыстағы қаржылық жалдау шарттары бойынша ең аз жалдау төлемдерінің сомасымен білдірілген. Қаржылық жалдау шарттары бойынша келешек кезеңдерде алынуга жататын ең аз жалдау төлемдері, сондай-ақ таза жалдау төлемдерінің дисконтталған құны кестеде көлтірілген:

<u>Мың теңгемен</u>	<u>2017 жыл</u>		<u>2016 жыл</u>	
	<u>Ең аз төлемдер</u>	<u>Төлемдердің дисконтталған құны</u>	<u>Ең аз төлемдер</u>	<u>Төлемдердің дисконтталған құны</u>
Бір жыл ішінде	6.407.212	2.222.718	5.850.248	1.894.091
Бір жылдан артық, бірақ бес жылдан астам емес	25.554.330	9.830.508	23.331.101	8.554.914
Бес жылдан артық	42.893.147	30.212.193	42.767.017	29.265.326
Ең аз жалдау төлемдерінің жиыны	74.854.689	42.265.419	71.948.366	39.714.331
Қаржылық кірістерді шегере отырып	(32.589.270)	—	(32.234.035)	—
Ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны	42.265.419	42.265.419	39.714.331	39.714.331
Минусы: 12 айдың ішінде өтелуге жататын сомалар (16-ескертпе)		(2.222.718)		(1.894.091)
12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар		40.042.701		37.820.240

2017 жылы қаржылық жалдау бойынша берешектің үлғаюы сатып алу құқығымен жалдамалы баспа на бағыттымен «Нұрлы жер» бағдарламасын (бұрынғы – «Өңірлерді дамыту бағдарламасы-2020») іске асыру шенберінде Алматы қ. «Асыл Арман» ТК, Ақтөбе қ. «Юнис сити», Астана қ. «Хан-Тәнірі» ТК, Алматы қ. «Эталон» ТК, Астана қ. «Современный» және «Шығыс» ТК, Қарағанды қ. «Жанұя» ТК мен Усть-Каменогорск ТК түргын үй кешендерінде жылжымайтын мұлікті қаржылық жалға берумен байланысты болды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

9. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР (жалғасы)

«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша құрылыш компанияларына берілген қарыздар

2016 жылы Топ коммерциялық тұрғын-үйлерді жеке меншік тұрғызушыларды қолдау бөлігінде коммерциялық бағыттағы «Нұрлы жер» Мемлекеттік бағдарламасының қатысушысы болды. Бұл бағдарламаға сай Топ бүкіл қаржыландыру кезеңіне 7,5% пайыздық мөлшерлемемен 24 айға дейінгі кезеңге құрылыш компанияларына қарыздар берді.

Топ берілген қарыздарды нарықтық мөлшерлемелерден төмен пайыздық мөлшерлемелер бойынша беретіндіктен, сыйақыны есептей отырып құрылыш компанияларына берілген қарыздар әділ құны бойынша беру күніне бағаланады.

Сонымен бірге, 2017 жылы Топ коммерциялық бағыттағы «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша берілген қарыздарды шарттық міндеттемелерге сәйкес қарыздардың 2018 жылы өтелуіне орай қысқа мерзімді қарыздардың құрамына қайта жіктелді (15-ескертпе).

Сыйақыны есептей отырып құрылыш компанияларын қаржыландыру

Салушылармен жасалған кейбір шарттардың талаптарына сәйкес Топ жылжымайтын мүлік объектісін салу барысында аванстық төлемдерді жасап отырады, дегенмен Салушылар құрылыш объектілерін еркін баға бойынша өткізуге құқылы. Бұл құқық Салушылардың артында құрылыш кезеңінде, сондай-ақ жылжымайтын мүлік объектісін салынғаннан кейін бір жылдың ішінде сакталады. Сонымен бірге, Салушыларға берілген қаржыландыру сомасына жылдық 5-7% мөлшерлемесі бойынша сыйлыққы есептелді. Тиісінше, Топ жасалған қаржыландыру сомасын қаржы құралы ретінде мойындаиды.

2017 жылдың ішінде Топ құрылыш компаниялар қаржыландыруға берген қарыздарды жоспарланып отырған өтөу мерзіміне орай қысқа мерзімді активтердің құрамына қайта жіктелді. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сыйақыны есептей отырып құрылыш компанияларын қаржыландырудың қысқа мерзімді бөлігі 97.180 мың теңгені құрады (2016 жыл: 165.629 мың теңге) (16-ескертпе).

Әділ құны бойынша ескерілетін опция

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жасыл квартал» жобасын (бұдан әрі – «Жоба») іске асыру туралы тапсырмасына сәйкес Топ 2013 жылғы желтоқсанда «VI Corporation» ЖШС-мен жобаны бірлесіп іске асыру туралы шартты жасады. Жасалған шартқа сай Топ Жобаны 44 миллиард теңге жалпы сомага қаржыландырады, олардың ішінде Топтың меншікті қаражаты 15 миллиард теңгегін құрайды (қалған сома Бас компаниядан алынған қарыз қаражатының есебінен қаржыландырылады).

«Жасыл квартал» жобасын іске асыру үшін Топ жылдық 3,5% -ға 18 жыл кезеңіне екінші деңгейдегі банкте нысаналы депозитке 44 миллиард теңге сомасында ақша қаражатын банктердің Жобаны іске асыратын «EXPO Village» ЖШС Жобалық компаниялардың қаржыландыруына орналастырады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 41.450.537 мың теңгені (2016 жыл: 30.800.000 мың теңге) орналастырыды (10-ескертпе).

Жобаны бірлесіп іске асыру туралы шартқа косымша, «СК Девелопмент» ЖШС мен «VI Corporation» ЖШС арасында Жобалық компанияда үлесті сатып алу-сату шартына қол қойылды, сол бойынша Топ меншік құқығының өту мерзімін екі датаның барынша ертерегіне ұзарта отырып, 49,9% үлесті 100 теңге сатып алу иниетін билдіріп отыр: 2017 жылғы 1 сәуір немесе Жоба шеңберінде объектіні пайдалануға беру күні және жылжымайтын мүлік объектісін іске асырудан болған таза пайданы бөлуге қатысады.

2017 жылдың ішінде Топ косымша келісімге қол койды, соған сай бақылау күні 2017 жылғы 1 сәуірде 2017 жылғы 31 желтоқсанға болып өзгерілді. Дегенмен, 2017 жылғы желтоқсанда Топ «Жасыл квартал» жобасын бірлесіп іске асыру туралы шартқа бақылау күнін 2017 жылғы 31 желтоқсаннан 2018 жылғы 1 сәуірге ауыстыру туралы № 9 косымша келісімге қолын койды.

Бұл шарттар Топта «EXPO Village» ЖШС-ке қатысу үлесін сатып алу құқығының пайда болуына әкеліп соктырады, әрі ол 39 ХБЕС (IAS) сай туынды қаржы құралы болып табылады және Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде оның әділ құны бойынша танылуы тиіс.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 352.105 мың теңге (2016 жыл: 352.105 мың теңге) мөлшерінде есепті кезең соына әділ құны бойынша опционды қайта бағалап, опционның орындалуы 2018 жылдың ішінде күтіліп отырғанына орай оның опционының ағымдағы қаржы активтерінің құрамына аударды (16-ескертпе). Опционның әділ құнын анықтау үшін Блэк-Шоулз формуласы қолданылды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**10. НЕСИЕЛІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ**

<u>Мың теңгемен</u>	<u>2017 жыл</u>	<u>2016 жыл</u>
Басқа да қазақстандық банктердегі депозиттер	41.450.537	41.800.000
Есептелген пайыздар	136.447	209.274
«Delta Bank» Ақ-дағы депозиттер	—	5.000.000
	41.586.984	47.009.274
1 жылдан кем мерзімге орналастырылған депозиттер	(136.447)	(16.209.274)
Ұзақ мерзімді депозиттер	41.450.537	30.800.000

Ұзақ мерзімді депозиттер «Жасыл квартал» жобасы бойынша жылдық 3,5% пайыздық мөлшерлемесі бар екінші деңгейдегі банктердегі нысаналы депозиттерден тұрады.

2017 жылы Топ 5.000.000 мың теңге мөлшерінде «Delta Bank» АҚ-да орналастырылған қысқа мерзімді депозиттерді несиелік мекемелердегі қаражаттан басқа да ағымдағы активтердің құрамына «Delta Bank» АҚ банк лицензиясынан айыру салдарынан құнсыздану резервінің есептелуіне орай қайта жіктелді (*II-ескертпте*).

11. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

<u>Мың теңгемен</u>	<u>2017 жыл</u>	<u>2016 жыл</u>
«Дельта Банк» АҚ-дағы ақша қаражаты	5.067.902	—
«КазИнвестБанк» Ақ-дағы ақша қаражаты	1.454.281	1.634.309
«Альфа Банк» АҚ-дағы ақша қаражаты	234.771	—
Басқа да ағымдағы активтер	30.874	112.536
Құнсыздану резерві	(6.691.172)	(1.634.309)
	96.656	112.536

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да ағымдағы активтер шағымдар бойынша берешекті, жылдық 10% пайыздық мөлшерлемемен 1.454.281 мың теңге мөлшерінде «КазИнвестБанк» АҚ екінші деңгейдегі банкте орналастырылған ағымдағы шот бойынша берешекті және жылдық 14% пайыздық мөлшерлемемен 5.067.902 мың теңге мөлшерінде «Delta Bank» АҚ-да орналастырылған қысқа мерзімді депозитті білдіреді, эрі соларға топ банктердің банктік және өзге де операцияларды жасауға арналған лицензиялардан айырылуына орай 100% құнсыздану резервін құрды.

2017 жылғы 19 мамырда «Альфа-Банк» АҚ ЕБ мен «Казинвестбанк» АҚ уақытша әкімшілігі арасында «Казинвестбанк» АҚ-ның активтері мен міндеттемелерін бір мезгілде беру туралы шарт жасалды. 2017 жылғы маусымда «Альфа-Банк» АҚ ЕБ мен «Казинвестбанк» АҚ-нан берілген қарыздардың пулы бойынша кепіл берушілер ретінде болатын Топ арасында 247.273 мың теңге сомаға ақша қаражатының кепілі туралы шарттарға кол койылды.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 11.084 мың теңге мөлшерінде кепілден резервті қалпына келтірді.

Басқа да активтер бойынша құнсыздану резервінің қозғалысы былайша көрсетілген:

<u>Мың теңгемен</u>	<u>2017 жыл</u>	<u>2016 жыл</u>
Жыл басына	1.634.309	—
Қалпына келтіру	(11.084)	—
Есептегендегі	5.067.947	1.634.309
Жыл соңына	6.691.172	1.634.309

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**12. ҚАУЫМДАСҚАН ҰЙЫМҒА ИНВЕСТИЦИЯ**

Топтың «ФН Менеджмент» ЖШС компаниясының жарғылық капиталында 49% катысу үлесі бар. «ФН Менеджмент» ЖШС (бұдан әрі – «ФН Менеджмент») қызметінің негізгі орны және тіркеуге алынған елі Қазақстан Республикасы болып табылады. ФН Менеджмент негізгі қызметі жылжымайтын мұлікті басқару болып табылады. Төменде келтірілген кестеде ФН Менеджмент туралы жалпы қаржылық акпарат қамтылған.

Төмендегі кестеде 2017 және 2016 жылдардағы инвестицияларда болған қозғалыс көрсетілген:

<u>Мың тенге</u>	<u>2017 жыл</u>	<u>2016 жыл</u>
1 қаңтарға арналған сальдо	43.641	–
Қосымша салымдар	–	–
Шығу	–	–
Қауымдасқан кәсіпорындарды сатып алу	–	46.434
Бақылаудан айырылу	–	–
Пайдадағы үлес, нетто	3.513	(2.793)
Инвестициялардың құнсыздандыру	–	–
Басқа да өзгерістер	–	–
31 желтоқсанға сальдо	47.154	43.641

Төменде қаржылық есептілікке негізделген қауымдасқан компания туралы жалпылама қаржы акпараты көрсетілген:

<u>Мың тенге</u>	<u>2017 жыл</u>	<u>2016 жыл</u>
Ұзақ мерзімді активтер	7.185	6.493
Қысқа мерзімді активтер	130.881	94.935
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(41.833)	(12.365)
Таза активтер	96.233	89.063
Иелік ету үлесі	49%	49%
31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың ағымдағы құны	47.154	43.641

<u>Мың тенге</u>	<u>2017 жыл</u>	<u>2016 жыл</u>
Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен түсім	290.313	270.725
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда / (запал)	7.170	(5.700)
Топтың пайдадағы / (запалдағы) үлесі	3.513	(2.793)

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**13. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР**

Мың тенгемен	Дайын жылжымайтын мүлік объектілері	Жер участкері	Аяқталмаған құрылыш	Басқасы	Жиыны
2015 жылдың 31 желтоқсанына	9.053.688	613.661	1.788.502	–	11.455.851
Жылжымайтын мүлікті сатып алу	9.617	–	81.355	–	90.972
Дайын жылжымайтын мүлік объектілерін берілген аванстардан аудару (8-ескертпе)	2.122.768	–	1.214.400	–	3.337.168
Сатуға арналған жылжымайтын мүліктен ауыстырылғаны (7-ескертпе)	905.136	–	–	–	905.136
Аяқталмаған құрылыштан аударылғаны	1.945.455	–	(1.945.455)	–	–
Аяқталмаған құрылышты өткізу	–	–	(371.634)	–	(371.634)
Қаржылық жалдауға берілді	(6.458.554)	–	–	–	(6.458.554)
Қаржылық жалдау шартын бұзу	41.070	–	–	–	41.070
Ішкі ауыстырулар	–	43	(14.411)	14.368	–
Берілген қарыздарға аударылғаны (15-ескертпе)	–	(613.704)	–	–	(613.704)
Басқа да сатып алушар	–	–	–	57.388	57.388
2016 жылдың 31 желтоқсанына	7.619.180	–	752.757	71.756	8.443.693
Дайын жылжымайтын мүлік объектілерін берілген аванстардан аудару (8-ескертпе)	5.868.291	–	7.360.357	–	13.228.648
Сатуға арналған жылжымайтын мүліктен ауыстырылғаны (7-ескертпе)	117.263	–	–	–	117.263
Сатуға арналған жылжымайтын мүлікке ауыстырылғаны (7-ескертпе)	(43.877)	–	–	–	(43.877)
Қаржылық жалдауға берілді	(4.936.092)	–	–	–	(4.936.092)
Қаржылық жалдау шартын бұзу	24.000	–	–	–	24.000
2017 жылдың 31 желтоқсанына	8.648.765	–	8.113.114	71.756	16.833.635

Аяқталмаған құрылышқа құрылыш процесіндегі, бірақ әлі одан кейінгі пайдалануға дайын емес активтер кіреді және негізінен қаржылық жалдауға одан кейін тапсыруға арналған салынып жатқан жылжымайтын мүлікпен білдірілген.

Аяқталмаған құрылыш Ақтау мен Астана қалаларындағы аяқталмаған тұрғын үй кешенінің объектісін білдіреді, мұндайда Топ тапсырыс беруші болып табылады. Пайдалануға күтілетін беру мерзімі – 2018 жыл.

Басқа да ұзак мерзімді активтерге Топ қаржылық жалға келешекте беру үшін не болмаса Топтың оларды одан кейін пайдалану бойынша белгілі бір жоспарлары болмаған балансқа қабылданған активтер кіреді.

2017 жылды Топ «Шығыс» және «Хан Тәнірі» тұрғын үй кешендеріндегі пәтерлер мен коммерциялық үй-жайларды Топтың бұл жылжымайтын мүлікті бір жылдың ішінде сату ниетіне орай 43.877 мың тенге мөлшерінде сатуға арналған жылжымайтын мүлікке аударды.

14. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Мың тенгемен	2017 жыл	2016 жыл
Сауда дебиторлық берешек	49.951	397.748
Минусы: құнсыздану резерві	(8.730)	(8.730)
	41.221	389.016

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**14. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (жалғасы)**

